



АҚОРДА

МҰНАЙ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР РЕСУРС

Мұнай-газ саласы – Қазақстанның дамуы мен өркендеуінің басты қозғаушы күштерінің бірі. Ақордада өткен салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл саланың ел экономикасындағы орны ерекше екенін атап өтті. Мемлекет басшысы мұнайшылардың маңдай терімен келген жетістіктеріне жоғары баға беріп, қазақ мұнайының бай тарихы мен дәстүрін жалғап келе жатқан бүгінгі буынға алғысын білдірді.



Оның айтуынша, тәуелсіздік жылдарында мұнай өндірісі төрт есе өсіп, еліміз әлемдік нарықтағы жетекші ойыншылардың қатарына қосылды. Бүгінде Қазақстан мұнай мен газды өндірумен қатар оны терең өндеуге де баса назар аударып отыр. Қашағандағы жаңа зауыт құрылысы, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» құбырының екінші желісі, сондай-ақ полиэтилен зауыты сияқты ірі жобалар елдің энергетикалық әлеуетін нығайтып қана қоймай, мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашуға жол ашады. Президент еңбек адамының мәртебесін биіктетіп, жаңа буынды осы саладағы жауапты іске белсене араласуға шақырды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйекте өтетін Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды.

Жиынға Сенат пен Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдар басшылары, Ұлттық құрылтай мүшелері, қоғам өкілдері мен еңбеккерлер қатысады.

Мемлекет басшысының Жолдауы сағат 11:00-ден бастап республикалық телеарналардан, сондай-ақ Ақорданың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан тікелей эфирде көрсетіледі.



ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2025 жылғы 8 қыркүйекте сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын» деп жазылған Өкім мәтінінде.



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жайында есеп берілді.

Президентке барлық басты экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика сақталып отырғаны баяндалды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 7 айда 1,2 триллион теңгені құрады. Бұл – өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 42,1 пайызға жоғары. Биыл жалпы құны 300 миллиард теңге болатын 55 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл бастамалар 3,6 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Астана әкімі әлеуметтік нысандардың құрылысы, апатты жағдайдағы ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру

жұмыстары туралы айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында елордада 1 қыркүйекте 28 мың оқушыға арналған 7 жаңа мектеп ашылды. Осы оқу жылында қалада 15 жаңа мектеп пайдалануға берілмек. Былтырғы кезеңде 66 мың оқушыға арналған 24 мектеп, соның ішінде 16 «Келешек мектебі» ашылды. Жыл соңына дейін 4716 студентке арналған 8 жатақхана бой көтереді. Биыл Астанада 170 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырып, 1 миллионнан аса жасыл желек егу жоспарланып отыр.

Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаевқа жылыту маусы-

Мемлекет басшысы Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгаланмен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат танытып, оның елімізге Парламент Төрағасы ретіндегі алғашқы сапары екіжақты байланысты нығайтуға тың серпін беретінін атап өтті.

АЗИЯДАҒЫ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС



Президент былтыр қазан айындағы Моңғолияға жасаған сапарының нәтижесінде Үкімет пен түрлі мекеме арасындағы қарым-қатынас күшейе түскенін айтты. Сондай-ақ жақында Қытайда өткен ШЫҰ саммиті аясында Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухпен аз-кем әңгімелескенін жеткізді.

– Моңғолия – Азиядағы сенімді әрі маңызды серіктесіміз. Екі ел арасындағы берік достық пен стратегиялық әріптестіктің тамыры тереңде жатыр. Себебі біздің салт-дәстүріміз бен мәдениетіміз ұқсас. Тарихымыз да ортақ. Сондықтан ынтымақтастықты барынша нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, сан қырлы қарым-қатынасты дамыту ісінде Парламент дипломатиясы маңызды рөл атқарады. Бұл ретте Қазақстан достас Моңғолия елімен страте-

гиялық серіктестікті жан-жақты нығайтуға мүдделі.

Дашзэвгийн Амарбаясгалан Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

– Бұл сапарым екі ел арасындағы қарым-қатынас тарихының жаңа парағын ашатынына сенемін. Бүгінгі кездесу көшпелі өркениет тарихы, әдет-ғұрпы тығыз байланысқан халықтарымыз арасындағы достық пен бауырластықты одан әрі нығайтып, елдеріміздің ынтымақтастығын кеңейте түседі деп ойлаймын. Қазақстанмен достық ықпалдастықты нығайту өте маңызды. Соңғы жылдары екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі сапарлар, келіссөздер жиілей түскеніне қуаныштымын, – деді Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы.

Кездесуде парламентаралық дипломатия, сауда-экономикалық, өңіраралық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.



мына дайындық жайында мәлімет берілді. Үшінші жылу электр орталығының бірінші кезегін, сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ стансаларын пайдалануға беру арқылы шаһардың жылыту қуаты 30 пайызға ұлғайған. Яғни, қосымша 1100 Гкал/сағат қуат өндіре бастады. Биыл «Тұран» стансасының екінші кезегін аяқтау жоспарланған. «Тельман» стансасының құрылысы жүріп жатыр. Екінші жылу электр

орталығын кеңейту және «Оңтүстік-Батыс» газ жылу стансасын жобалау көзделіп отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала нысандарын алдағы жылыту маусымына дайындау, жаңбыр суына арналған кәріз жүйесін реттеу, жол-көлік инфрақұрылымы мен абаттандыру мәселелерін шешу жөнінде бірқатар тапсырма берді.

АҚОРДА

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

МҰНАЙ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР РЕСУРС

(Басы 1-бетте)

— Сіздер осы салада адал еңбек етіп, мемлекетіміздің дамуына мол үлес қосып келесіздер. Бұл нағыз еңбек адамдарына тән қасиет деп санаймын. Жалпы, еліміздегі мұнай-газ өнеркәсібінің өзіндік дәстүрі, бай тарихы бар. Осы саланың қалыптасып, өркендеуіне бірнеше буын өкілдері зор еңбек сіңірді. Сіздерді аға буынның лайықты ізбасары деуге болады. Қазір мұнай-газ саласында 200 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Сіздердің табанды еңбектеріңіздің арқасында Қазақстанымыз өркендеп, көркеюде. Мен мұны жоғары бағалаймын. Бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтыр қазақ мұнайының 125 жылдығы аталып өткенін еске салып, биыл да сала үшін айтулы жыл екенін атап өтті. Сонымен қатар мұнай өңдеу зауыттарының мерейтойы мен ұлттық компаниялардың тарихи белестерге жетуі саланың маңызын айқын көрсететінін айтты.

— Атырау мұнай өңдеу зауытының ашылғанына 80 жыл толды. Шымкент мұнай өңдеу зауытына 40 жыл, ал QazaqGaz ұлттық компаниясына 25 жыл толып отыр. Бұл мерекелік күндер еліміздің мұнай-газ саласының мән-маңызын көрсетеді. Мұнай мен газ — стратегиялық маңызы бар ресурс, бұл — жұртшылыққа белгілі дерек. Себебі бұл сала еліміздің өсіп-өркендеуіне айрықша ықпал етті. Тәуелсіздік жылдары кара алтынның игілігін молынан көрдік. Қазір бұл сала қарқынды дамып келеді. Қазақстан әлемдік мұнай нарығындағы жетекші мемлекеттің бірі саналады. Егемендік кезеңінде еліміздегі мұнай өндірісі төрт есе өсті. Жакын арада мұнай өндіру көлемін жылына 100 миллион тоннаға жеткіземіз, — деді Мемлекет басшысы.

САЛАДАҒЫ СОНЫ ЖОБАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан шикізат өндірумен қатар, оны терең өңдеуге баса мән беретінін айтты. Оның сөзінше, мұнай-газ химиясы саласында ірі жобалар жүзеге асырылып, қосымша құны жоғары өнімдерді өндіру жолға қойылуда. Бұл шаралар жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, еліміздің экономикалық тәуелсіздігін арттыруға және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

— Бұл бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Атырау, Павлодар, Шымкент қалаларында орналасқан үш ірі мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылды. Соның арқасында біз ішкі нарықты сапалы жанар-



жағармаймен толық қамтамасыз етіп отырмыз. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде 13 миллионға жуық адам табиғи газға қол жеткізді. Қазір бұл бағытта бұрын-соңды болмаған ауқымды жобалар іске асырылуда. Қашағанда жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр. «Бейнеу — Бозой — Шымкент» газ құбырының екінші желісі салынууда. Сондай-ақ біз қосымша құны жоғары өнімдер шығаруды қолға алдық. Мұнай-газ химиясы саласында бірқатар ірі жобаны іске қосамыз. Мұның бәрі 20 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Соның ішінде полиэтилен зауытын ерекше атап өткім келеді. Бұл — шетел инвесторларымен бірге іске асырылып жатқан маңызды жоба. Инвестиция көлемі 7 миллиард доллардан асады. «Қаламқас-теңіз» және «Хазар» секілді ірі теңіз кен орындарын игеру басталды. Алты миллиард доллардан астам инвестиция салынады. Теңіз платформаларының құрылысын отандық кеме құрастырушы кәсіпорындар жүргізеді. Бұл Қазақстанның мұнай-газ саласындағы үлкен оқиға болмақ. Аталған жобалардың бәрі энергетикалық әлеуетімізді нығайтып қана қоймай, ел экономикасының қарыштап дамуына ықпал етеді. Мұның игілігін барша халық көреді, — деді Президент.

«ҚАРА АЛТЫН» ӨНДІРІСІНІҢ ҚАРҚЫНЫ ҚУАТТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары мемлекет экономиканың түрлі саласына шетел инвестициясын жүйелі түрде тарту жұмысына ерекше назар аударып отырғанын жеткізді.

— Осы ретте жакында өткен Қытайға сапарымды атап өткім келеді. Бұл сапар шын мәнінде өте жемісті болды. Екі елдің арасындағы стратегиялық серіктес-

тікке мықты әрі тың серпін берді. Екіжақты келіссөздердің күн тәртібі ауқымды және ең бастысы Қазақстанның ұлттық мүдделеріне, ең алдымен, экономика саласындағы мүдделеріне тікелей байланысты болды. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен әңгімелесу кезінде мәңгілік достық пен стратегиялық серіктестік рухындағы жан-жақты ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің кезекті отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 15



миллиард доллар болатын жетпістен астам коммерциялық құжатқа қол қойылды. Қытайлық серіктестермен бірге мұнай-газ саласында көптеген жоба жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ стратегиялық сипаттағы жаңа жобалар жоспарланған. Оның ішінде Ақтөбе облысында қарбамид шығаратын газ-химия кешенінің құрылысы жөнінде CNPC компаниясымен жасалған келісімді ерекше атап өткім келеді. Жоба құны 1 миллиард доллардан асады. Атырау облысында этан және пропан тасымалдауға арналған магистралды құбыр құрылысын қаржыландыру бойынша Қытай даму банкімен жасалған уағдаластықтың да маңызы зор. Келісімнің жалпы сомасы — 530 миллион долларға жуық.

Біз барлық халықаралық инвесторлармен ықпалдастықты тереңдетуге әрдайым баса мән береміз. Мұнай-газ саласында америкалық, ресейлік, еуропалық және қытайлық корпорациялармен көп жылдар бойы жалғасып келе жатқан серіктестік — соның айқын дәлелі, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлемдегі мұнай-газ саласы көптеген мемлекет пен белгілі сарапшылардың жіті бақылауында. Саланың келешегі оның жаһан экономикасының даму перспек-

тивасына ықпал етуі тұрғысынан талқыланып жатыр.

— Менің пайымдауымша, көмірсутегі дүниежүзінің энергетика нарығында, сәйкесінше, Қазақстанның энергетика саласында бұрынғыдай басты рөлге ие бола береді. Бірқатар елдің, соның ішінде еуропалық мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, балама қуат көзі қажеттілікті толық өтей алмайды. Бұдан бөлек, өнеркәсіпте, соның ішінде электр стансаларының құрылысында көмірді залалсыздандыратын озық технологияны пайдалануға баса мән беру қажет. Қазақстанның энергия балансында көмірдің үлесі 70 пайызға жуық екені мәлім. Еліміз көмір өндіруден он ірі елдің қатарына кіреді. Бұл артықшылықтан бас

тартпаған жөн. Керісінше, оны тиімді пайдалану керек, — деді Мемлекет басшысы.

«ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ» ТЕХНОЛОГИЯМЕН ҚАТАР ӨРБҮТЕ ТИІС

Президент отандық мұнай-газ кешенінің алдында технологиялық жаңғыру, атап айтқанда, жасанды интеллектіні енгізу міндеті тұрғанын жеткізді. Бұл өте өзекті.

— Заманауи технологиялар мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу ісін онтайландыруға ықпал ету қажет. Отандық мұнай-газ өнеркәсібі заманауи үрдістерге сай болуы керек. Сондықтан осы салаға таза және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Геологиялық барлау жұмыстарын күшейтіп, жаңа кен орындарын ашуға баса мән беру керек. Бұған қоса, осы салаға білімді, жас кадрларды тартып, адам әлеуетін барынша арттыру қажет. Себебі жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бізге, ең алдымен, білікті мамандар керек. Білім бағдарламасын жетілдіріп, зерттеу орталықтарын дамытқан жөн. Осы міндеттерді сапалы орында-сақ, Әділетті, Қуатты, Таза және Озық Қазақстанның қалыптасуына жол ашамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сонымен қатар қоғамдағы еңбек адамының орны туралы пікір білдірді.

— Еңбекқорлық — ең асыл қасиеттің бірі. Мен әр сөзімде осы мәселеге ерекше мән беремін. Мандай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады. Халқымызда «Еңбегіне қарай — құрметі» деген жақсы сөз бар. Еңбек адамы — ел адамы. Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам. Сондықтан қазір біз елімізде жұмысшы мамандарын кенінен дәріптеп, оларға ерекше құрмет көрсетіп жатырмыз. Мен жыл басынан бері еліміздің әр саласында жұмыс істеп жүрген азаматтарды арнайы шақырып, марапаттап жатырмын. Мұны халқымыздың Сіздерге көрсеткен ыстық ықыласы, шынайы құрметі мен алғысы деп түсінген жөн, — деді Президент.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл салада дәстүр мен тәжірибе қатар сақталып, бүгінде жаңа технологиялармен ұштаса түскен. Ірі жобалар мен инвесторлық ынтымақтастықтың арқасында мыңдаған жаңа жұмыс орны құрылып, елдің энергетикалық әлеуеті нығаймақ. Ең бастысы, еңбек адамдарының табанды еңбегі мен адалдығы Қазақстанды жаңа биіктерге жетелеп, әділетті әрі қуатты мемлекет құруға үлес қосуда.

Дайындаған
Кәмила ДҮЙСЕН

ҚҰРМЕТ пен СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгаланмен кездесті. Онда тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және екі ел арасындағы серіктестікті кеңейту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Моңғолия Қазақстанның өңірдегі сенімді және маңызды серіктесі екенін айтып, елдерімізді тереңнен тамыр тартатын ортақ дәстүрлер мен мәдени-тарихи мұра байланыстыратынын атап өтті. Сондай-ақ ол Қазақстан мен Моңғолия арасындағы ынтымақтастық мемлекет басшыларының ерік-жігерінің арқасында өзара құрмет пен сенім рухында дамып келе жатқанына назар аударды.

Сұхбат кезінде қалыптасқан қарым-қатынасты арттыру жолында парламентаралық диалогті ны-

ғайтудың маңызы және осы бағыттағы міндеттер кенінен сөз болды. Атап айтқанда, «Қазақстан-Моңғолия» парламенттік достық тобы аясында салалық комитеттердің ынтымақтастығын кеңейту мәселесіне баса мән берілді.

«Екі елдің Мемлекет басшылары арасындағы құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынас Қазақстан мен Моңғолия ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға үлкен ықпалын тигізіп келеді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылы Моңғолияға жасаған мемлекеттік сапары барысында Стратегиялық әріптестік орнату туралы бірлескен декларацияға, сондай-ақ маңызды үкіметаралық және ведомстваралық құжаттарға қол қойылды. Осы орайда біз жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға ықпал ету, парламентаралық байланыстарды нығайту және заң шығару қызметінде тәжірибе алмасу үшін Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралымен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделіміз», — дей келе, Мәулен Әшімбаев Моңғолия делегациясын

Ұлы Мемлекеттік Хуралдың 35 жылдық мерейлі белесімен құттықтады.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға, сондай-ақ Палатаның оларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету бағытындағы қызметіне тоқталып өтті.

Мәулен Әшімбаев рухани дипломатияны дамытудың маңызына да назар аударды. Ол Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің мақсат-мүдделерін белсенді қолдап, оған елеулі үлес қосқаны үшін Моңғолияның рухани көшбасшыларына ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Дашзэвгийн Амарбаясгалан Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси жаңғыруларға жоғары баға беріп, парламентаралық өзара іс-қимылды нығайтуға және екіжақты қарым-қатынастың шарттық-құқықтық базасын кеңейтуге мүдделі екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол Қазақстанның жаһандық сын-көзқарастарды еңсеру үшін рухани дипломатияны ілгерілету бағытында қолға алған қадамдары ерекше мәнге ие екенін айтты.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты арттыру мәселесіне де көңіл бөлді. Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу, ауыл шаруашылығы, тау-кен металлургия кешені, заманауи технологиялар, ғарышты игеру және басқа да салалардағы бірлескен жобаларды іске асыру тетіктері талқыланды. Одан бөлек, сұхбат кезінде халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер әңгімеге арқау болды.

Мәжіліске Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгалан бастаған делегация келді. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановпен кездесуде тараптар парламентаралық байланысты нығайту жайын талқылап, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРГЕН ҚАДАМ



Мәртебелі мейманды Мәжілісте қарсы алған Ерлан Қошанов Моңғолия әрқашан Қазақстан үшін Азиядағы маңызды әріптес екенін атап өтті. Бұл ретте ел басшылығы мен қазақстандықтар көрші елдің жетістіктеріне риясыз қуанып, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухтың бастамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық және әлеуметтік реформаларды қолдайды.

— Елдеріміздің арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Моңғолияға былтырғы мемлекеттік сапары өте нәтижелі болды. Көшбасшыларымыздың арқасында екіжақты байланысымыз стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеріліп, түрлі саланы қамтитын 11 құжатқа қол қойылды. Бүгін біз қол қоятын Парламенттеріміз арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум әріптестігімізді жаңа белеске көтереді деп сенемін, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов 2022 жылдан бері Қазақстанда жүзеге асып жатқан конституциялық реформалар мен өзгерістер туралы айтып, екі елдің саяси бағыттары ұқсастығына мән берді. Былтыр Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралы сайлауы аралас жүйе бойынша өтіп, Парламент құрамына алғаш рет бес партияның өкілдері кірді.

Парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жайын сөз еткен екі тарап депутаттар Нұртай Сабильянов пен Ухнаагийн Отгонбаяр басқаратын достық топтарының жұмысын күшейту туралы уағдаласты. Тұрақты диалогті салалық комитеттер аясында да ынталандыру жоспарлануда.

Парламенттер басшылары партия желісі бойынша ынтымақтастықты нығайту және Парламентаралық одақ пен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы сияқты көпжақты алаңдарда одан әрі бірлесіп жұмыс істеу мәселелерінде кездесті.

Өз кезегінде Ұлы Мемлекеттік Хурал төрағасы цифрландыру, жа-

санды интеллектіні дамыту, экология, ауыл шаруашылығы сияқты салалар бойынша заң шығаруда тәжірибе алмасуға өзара үлкен қызығушылық бар екенін атап өтті.

— Қазақстан — Моңғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесі. Бүгінгі біздің кездесуіміз тек парламентаралық қатынасты ғана қамтып қоймайды. Күн тәртібінде экономикалық-саяси, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы өзара іс-әрекетті дамыту мәселесі талқыланды, — деді Дашзэвгийн Амарбаясгалан.

Сондай-ақ парламентшілер туризм бағытындағы әріптестікті нығайту, екі елдің экономикалары үшін кадрлар даярлау және технологияларды дамыту мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесу қорытындысында тараптар Парламент Мәжілісі мен Ұлы Мемлекеттік Хурал арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа сәйкес, тараптар өз қызыреттері аясында саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-мәдени, гуманитарлық, басқа да салаларда, сондай-ақ экономиканы цифрландыру, инновацияларды дамыту мен енгізу ісінде Қазақстан Республикасы мен Моңғолия ынтымақтастығын нығайтуға және дамытуға жәрдемдесуге міндеттенеді. Сонымен бірге Мәжіліс алаңында Шығыс Қазақстан облысы мен Қобда (Ховд) аймағы арасында бауырластық қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды.

Ресми сапар аясында Моңғолия делегациясының «Астана» халықаралық қаржы орталығына, KAZAKH INVEST ұлттық компаниясына, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ахуалдық орталығына, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясына және басқа да нысандарға баруы жоспарланған.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫ ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста депутаттарға «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131-конвенция) ратификациялау туралы» заң жобасын қарау ұсынылады. Конвенцияны ратификациялау ең төмен жалақыны белгілеу бөлігінде халықаралық

стандарттарды одан әрі енгізуді қамтамасыз етеді және Қазақстанның осы саладағы халықаралық нормаларды сақтау мен орындауға бейілдігін растайды.

Сонымен қатар Мәжілістің талқылауына Қазақстан мен Қатар Мемлекетінің үкіметтері арасындағы Қазақстаннан келген жұмыс-

керлерді Қатарға жұмысқа орналастыруды реттеу туралы келісім ұсынылады. Құжатта тараптардың өзара іс-қимыл тәртібі, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек шарттарын жасасу талаптары, сондай-ақ жұмыскерлерді репатриациялау мәселелері айқындалады.

Мәжіліс комитеттері бірқатар заң жобасын жұмысқа алады. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», Перумен ұстап беру және сотталған адамдарды беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттарды ратификациялау, Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясы, сондай-ақ 1992 жылғы Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конвенцияға Су және денсаулық проблемалары туралы хаттама бар.

БАҒДАР

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ЕЛ ДАМУЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСЕП БЕРДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы қарсаңында Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің қатысуымен «AMANAT» партиясы фракциясының кеңейтілген отырысы өтті. Депутаттар Президенттің Жолдаулары мен «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты тыңдады.

Іс-шараны ашқан Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов әр Жолдау — ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтынын және азаматтардың ең өзекті сұрақтарына жүйелі жауап беретінін атап өтті.

«Мемлекет басшысының Жолдаулары, Президенттің сайлауалды бағдарламасы — маңызды құжаттар. Ал олардың сапалы орындалуы — қоғамның билікке деген сенімінің кепілі. Адамдар нақты өзгерістерді дәл қазір көргісі келеді. Сол себепті біздің, яғни зан шығарушылар мен Үкіметтің ортақ міндеті — тапсырмаларды сапалы әрі дер кезінде орындау. Сондықтан әр саяси маусым басында Үкіметпен «сағат сәйкестендіру» тәжірибесін енгізуіміз кездейсоқ емес. Бүгінге дейін атқарылған жұмысты бағамдап, қай мәселеге баса назар аудару керек екенін айқындаймыз», — деді Ерлан Қошанов.

Өз кезегінде, Премьер-Министр Олжас Бектенов Президент Жолдаулары мен сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Үкімет тарапынан атқарылған жұмысқа тоқталды.

Мәселен, былтыр шетелдік капиталдың қатысуымен 1,3 млрд АҚШ доллары сомасына 45 жоба пайдалануға берілді. Жалпы алғанда, жалпыұлттық пулға құны 144 млрд АҚШ долларын құрайтын 1,1 мыңнан астам жоба кіреді. Жыл басынан бері өнеркәсіп өндірісінің өсімі

былтырғы көрсеткіштен 6,9%-ға асып түсті. Биыл 20 мыңнан астам жұмыс орнын аша отырып, 1,5 трлн теңге сомасына 190 жаңа өндеуші өнеркәсіп кәсіпорнын іске қосу жоспарлануда.

Үкімет басшысы «Келешек мектептері» ұлттық жобасына жеке тоқталды. Оның аясында 310 мың орындық 160 мектеп салынды. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық

тозуын 6,2%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Биыл көлік саласында 13 мың шақырым жол жөндеу және салу жұмысы қолға алынды. Ал теміржол саласында «Достық-Мойынты» учаскесінің екінші жолдарын салу жұмысы аяқталуда. Цифрландыру саласында IT-қызметтер экспортының өсімі байқалды. Яғни, көрсеткіш 2021 жылы 30 млн доллардан 2024 жылы 700 млн АҚШ долларына дейін артты.

Үкімет Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасын мақұлдап, Парламентке енгізді. Оған сәйкес, алдағы үш жылда экономиканың нақты орташа жылдық өсімі 5,3%-ды құрайды.



жобасы шеңберінде өңірлерде 540 медициналық нысан пайдалануға берілді. Олар шамамен 1 млн ауыл тұрғынын қамтиды. Бұл — халықтың әлеуметтік әлауқатын арттыру жөніндегі Президент саясатының айқын көрсеткіштері.

«Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында 2 жылда 12 мың шақырымнан астам инженерлік желіні жөндеуге 600 млрд теңгеден астам қаражат тартылып, нәтижесінде аталған желілердің

Олжас Бектенов Үкімет Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жобасы мен «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатқанын айтты.

«Мемлекет басшысы ұстанған бағыт арқылы ел экономикасы тұрақты өсімге қол жеткізді. Біз үшін басым бағыт саналатын өңдеу өнеркәсібінде оң үрдіс сақталды. Тау-кен өнеркәсібіндегі сирек және жерде сирек кездесетін метал-

дарды игеру орындарынан өсімнің тың мүмкіндіктерін көріп отырмыз. Парламентпен тығыз жұмыс істеп, алға қойылған барлық міндетті орындауды жалғастырамыз. Біздің ортақ мақсатымыз — алдағы уақыттағы тұрақты дамуды қамтамасыз ету», — деді ол.

Жиын барысында Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері фракция депутаттарының сұрақтарына жауап берді. Бұл сұрақтар экономиканы дамытуды, бизнесті, ауыл шаруашылығын, өндірісті қолдауды, азаматтардың табысын арттыруды, әлеуметтік саясатты жақсартуды, өңірлердің инфрақұрылымдық дамуының нақты мәселелерін шешуді және өзге де тақырыптарды қамтыды.

Жиынды қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының Жолдауларында және сайлауалды бағдарламасында қамтылған барлық тапсырма елдің тұрақты дамуы мен халықтың тұрмысын жақсартуды қамта-

тыруға бағытталған «Ауыл аманаты» партиялық жобасын тұрақты қаржыландыру және егіншілікке, құс шаруашылығына, мал шаруашылығына үйрететін «Агросауат» орталықтарының ашылуын жеделдету қажет. Ол Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында бұл жобаға қолдау білдіріп, оны ел аумағында таратуды тапсырғанын еске салды. Алайда осы мәселе әлі де кейінге қалдырылып келеді.

Сондай-ақ партия Төрағасы жұмыссыздық деңгейін төмендету және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасын аяқтау жұмысын күшейту қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар ол Ақмола облысы Целиноград ауданында өз нәтижесін көрсеткен Baquatty аудан ауылдық аумақтарды кешенді дамыту жөніндегі партиялық пилоттық жоба аясын кеңейтуді ұсынды.

Ерлан Қошанов мұндай кездесулер нақты нәтиже беретінін атап өтті. Себебі депутаттар өңірлерге үнемі барады, адамдардың



өзекті мәселелерін жақсы біледі және оларды Үкіметке тікелей жеткізе алады. Бұл — «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатының нақты іске асқанының үлгісі. Жазғы сапарларда халық қалаулылары 900 елді мекенге барып, 2000-ға жуық азаматпен кездесу өткізді. Тұрғындар тарапынан келіп түскен барлық ұсыныс қазір жүйеленіп жатыр. Мемлекеттік органдармен бірлесіп, олардың шешімін табу жолдары қарастырылады.

«Үкімет пен Парламенттің өзара үйлесімді жұмыс атқаруы — тиімді мемлекеттік саясаттың негізі. Өйткені бәріміздің мақсатымыз бір. Ол — еліміздің өркендеуі, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы. Бұл үшін Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауларындағы тапсырмалары дер кезінде орындалуға тиіс. Ортақ мұрат жолында жұмыла әрекет еткенде ғана біз нақты нәтижелерге қол жеткізетініміз анық», — деді партия Төрағасы.

Елнар ЕЛТАЙ

ӨЗЕКТІ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБАЙ

Жаңа оқу жылының басты бір жаңалығы – «мектеп мәзірінің» енгізілуі болды. 1 қыркүйектен бастап, мектептегі тамақтанудың жаңа стандарты күшіне енді. Оған сәйкес, білім ордаларында «фаст-фуд», тіпті самса сатуға тыйым салынды. Газдалған тәтті сусындарды бөтелкеленген су мен шырындар басты. Ал оқушыларға берілетін ыстық тамақ мейлінше аз тұздалуға тиіс. Алайда саламатты мәзір кәсіпкерлердің наразылығын туғызды. Оның алды Парламентке, прокуратураға, өзге билік құрылымдарына шағыммен жүгінген.

Елдос СЕНБАЙ

КӘСІПКЕР НЕГЕ ШОШЫНДЫ?

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына ұжымдық арыз жазған әр өңірдегі мектеп асханаларын ұстайтын бизнесмендердің пайымдауынша, Денсаулық сақтау министрлігі биыл бекіткен жаңа мектеп мәзірі санитарлық нормаларға сәйкес келмейді. Сонымен бірге экономикалық тұрғыдан орындалуы қиын, себебі қымбатқа түседі. Мысалы, шығысқазақстандық кәсіпкерлердің арызында үлгілік мәзірдің қазіргі заманғы балалардың сұранысы мен тілегін ескермейтіні айтылған. Оның құрамына асқабақ езбесі, брокколи, ашытылған қырыққабат, құрма сияқты өнімдер қосылып отыр.

— Бұл тамақтарды қазіргінің баласы жемейді. Бұрынғы жылдар тәжірибесі көрсеткендей, мұндай ас желінбеген күйде табақпен кері қайтарылады. Біз Денсаулауынның көздеп отырған ізгі мақсатын жақсы түсінеміз, ол жас ұрпақтың рационалы әр алуан, саламатты еткісі келеді. Бірақ біздің де жағдайымызды түсінсін! Биыл алғаш рет асхана тамағының «жеуге жарамсыздық индексі» (индекс несъедемости) ұғымы енгізіліп отыр. Балалар жаңа мәзірмен ұсынғанымызды жемей тастаса, осы көрсеткішіміз жаппай құлдырайды, балалар аш қалады, ата-аналар жаппай шағымданады. Қаншама тамақ қосқа тасталып, босқа ысырап болады, — дейді ШҚО кәсіпкерлері.

Павлодар облысы Кәсіпкерлер палатасына өңірдің тамақ жеткізушілері де шағымданды. Олар мектептегі тамақтану саласында күрделі жағдай қалыптасып жатыр деп жабырқады. Өңірдің білім басқармасы басшысының орынбасары Әлия Әубәкірова облыстық Денсаулық сақтау басқармасы биылғы 24 шілдеде оқу жылының әр аптасына бөлек әзірленген перспективалық мәзірді бекітіп жібергенін хабарлады. Денсаулық сақтау басқармасындағылар оны Денсаулық сақтау министрлігінен алғанын және құрамын еш өзгертіпегенін алға тартты. Әр өңірге ДСМ 2 нұсқа жіберіпті, олар соның бірін тандаған.

Әйткенмен, барлық мәселенің ақшаға тіреліп тұрғаны байқалады. Білім ұйымдарында балаларды тегін ыстық тамақпен қамту — жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Тиісінше, бөлінетін қаржы көлемі өңірлік қазынаның мүмкіндіктеріне тәуелді. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында 1 оқушыны тамақтандыруға 1 күнге 722 теңге бөлінген. Алайда бизнестің есептеуінше, жаңа мәзірде тек қана азық-түлікті сатып алуға осы соманың шамамен 85%-ы шығындатмақ.

— Қалған қаржы жұмысшыларға жалақы төлеуге, мектеп асханасын жалдау ақысына, алым-салыққа, коммуналдық төлемдерге, жөндеу, жиһаздау, жабдықтау және басқа шығыстарға жетпейді. Кә-

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ, ЖЕЙ МЕ ҚАЗЫ?



сіпкерлер қиын жағдайға тап болды, бұл бұйрықты орындау мүмкін болмай қалды. Бұл не банкрот қылады немесе азық-түліктен үнемдеуге соқтырады. Сапасыз өнімдер сатып алынуы мүмкін, — деп ескертті асхана арендаторлары.

Сарапшылардың дерегінше, Павлодар облысында қазіргі кезде тамақтандыруға — бастауыш сыныптың әр баласына 586 теңге ғана бөлінеді екен, ал жаңа мәзірдің іс жүзіндегі құны әр шәкіртке шаққанда күніне 900 теңгеден асып түсетін көрінеді. Нормативтік талап пен нақты қаржыландыру арасындағы мұндай алшақтық стандартты жарға жығуы, тамақтандыру сапасына нұқсан келтіруі, сондай-ақ балалардың қауіпсіздігіне зиянын тигізуі мүмкін екені мәлімделді. Тәжірибеде шынымен солай болса, онда қаржыландырудың кемдігі кесірінен бұл мәзір «саламатты» бола алмайды.

АШЫҚҚАНДА ЖЕГЕН АС ӘДЕТКЕ АЙНАЛАДЫ

Бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру қауымдастығының вице-президенті Марина Лаптеваның айтуынша, министрлік бекіткен жаңа стандарт пен бірыңғай мәзірге сәйкес, оқушылардың күнделікті рационына бұрын болмаған қазы қосылған тұздықты сорпа, жылқы етінен дайындалған тағамдар, сүт өнімдері, жемістер, жент, бұршақ бұрышы, жанғақ және басқа да өнімдер ұсынылған. Сарапшы әсіресе, жергілікті тұрғындарға етене жақын ұлттық тағам түрлерінің қосылуын оң қадам деп бағалады.

— Бір жағынан, оқушылар тамағының сапасы арттырылыпты. Екінші жағынан, мұны жергілікті бюджет көтере алмайды, салдарынан қаржыландыру сәйкесінше ұлғайтылмаған. Сондықтан біздің қауымдастықтың технология ДСМ ұсынған мәзір негізінде жаңа мәзір әзірледі. Онда етті, сүт өнімдерін, жемістерді беру жиілігі, сондай-ақ нәрлілігі-калориясы, ақуыз, май және көмірсулар нормалары сақталған. Соның нәтижесінде, 1–4-сы-

ныптардағы бір оқушының тамақтану құны ҚКС-сыз 688 теңгені құрар еді, — деді М.Лаптева.

Ол балалардың дұрыс тамақтануына қол жеткізу үшін кәсіпкерлердің мүдделері де ескерілуге тиістігін еске салды: «Егер бизнеске орындалуы мүмкін емес міндет қойсаңыз, олар шамалы болса да табыс табу үшін азық-түліктен үнемдей бастайды. Жалақыны қысқарта алмайды, себебі мықты аспаздар, еңбеккер персонал кетіп қалады немесе еңбек инспекциясына шағымданады. Олай болса, бірнеше нұсқа қалады: не бұрынғы мәзірмен және ескі бағалармен жұмысты жалғастырамыз немесе оқушыларды жаңа мәзірмен тамақтандырамыз, бірақ жаңа бағаны бекітсін. Үшінші тандау — бюджетте қаражат болмаса, мектепте тегін тамақтандырудан мүлдем бас тарту қажет», — деді қауымдастық басшысының орынбасары.



Педагог Гүлнәр Мажитқызы мектеп асханасындағы өзгерісті байқағанын жеткізді. «Гамбургер, дөнер сияқты фастфуд бізде бұрын да сатылмайтын. Енді чебурек, самса, пицца дегендерді де алып тастады. Тез қорытылатын көмірсулар жойылды. Газды сусын, қантты су, шоколад та жоқ. Балалар қазы, құрма, брокколи және басқасын жемейді дегенге келсем, мектеп асханасында табақтар, тәрелкелер негізінен бос қайтады. Үшінші сабақта оқушылардың

ішегі шұркырап, қарны ашып отырады. Ашықса, бергеннің бәрін жейді. Жемеймін дейтіні бірте-бірте үйренеді», — деді ұстаз.

Ол оқушыларды дұрыс тамақты жеуге бала кезден үйретуді қолдайды: «Тамақ ғадеті деген бар. Балалық шақта не жесең, өскенде соған аңсарың ауып тұрады. Біз бала кезімізден құйқа, ми, бауыр,

ішек-қарынды жеп өстік. Кейде жеңсік астай соларды аңсап, жегіміз кеп тұрады. Ал қазіргінің балалары ішек-қарын, құйқа же десен жиіркенеді. Немереме қоярда қоймай бір рет миды асатып едім, құсып қойды. Соған қарамастан, ұлттық тағамдарға бейімдеу талабымды қойған жоқпын. Бәрін сабырмен, бірте-бірте жасау керек. Ең құрыса, мектепте жеміс-жидек жеп өссе, соның өзі дәреже», — дейді педагог.

Айтқандай, жаңа мәзірдің екі нұсқасында палау, жент, ұлттық ірімшік (құрамы неден тұратыны көрсетілмеген), қазы сорпасы және басқасы қарастырылыпты. Өз кезегінде жаздан бері түрлі инстанцияларды адақтап, түрлі еңселі кеңсенің табалдырығын тоздырған кәсіпкерлер мәзірдің қайта қаралуына қол жеткізетінге ұқсайды. Алғашқы жетістігіне де жетті: мысалы, жаңа мәзірдегі жоғары нормативтік талап пен жете қаржыландырылмау арасындағы сәйкессіздіктер шешілуі үшін бірқатар өңірде 1 қыркүйектен бастап, бұрынғы мәзір бойынша жұмысын жалғастыруға рұқсат етіліпті.

САПАНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫНА ЖОЛ БЕРЕ МЕ?

Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті тамақтану стандартын бекіткенін растады.

«Білім беру ұйымдарында тамақтанудың жаңа стандарты 2025 жылғы 1 қыркүйектен қолданысқа

аты бар сусындар мен шырындар газдалмаған суға, сүтке, айранға, жеміс шайына, компотқа, қанты аз жеміс-жидек сусындарына, морсқа алмастырылды», — деп хабарлады комитет.

Аталған комитет төрағасының орынбасары Роза Қожапованың айтуынша, жаңа Тамақтану стандартында сондай-ақ қант диабеті, тамақ аллергиясы, целиакия ауруы, лактоза жеткіліксіздігі және басқа аурулары бар, ерекше диета ұстауы қажет оқушыларды жеке тамақтандыру бойынша талаптар берілген. Сондай-ақ жеке ас блоктары жоқ шағын жинақты мектептерде де бастауыш сынып оқушыларына тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар көзделген. Оларда балаларға ланч-топтамалар таратылуға тиіс. Оның ішінде 4 ас — ыстық бутерброд, йогурт, жемістер және сусын (сүт, айран немесе итмұрыннан, кептірілген жемістерден, жидектерден жасалған сусын) болуы керек.

Мұның сыртында, тұңғыш рет «жеуге жарамсыздық индексі» (тарелкедегі қалдықтар) тұжырымдамасы енгізілді. Бұл балалар ас ішкеннен кейін табақтарда қалған тамақ қалдықтарының ұсынылған тағамдардың жалпы көлеміне қатынасын білдіреді.

Жауапты ведомство ақша аз бөлінді екен деп, мектеп асханаларының сапасыз азық-түлікті сатып алуына жол берілмейтініне сенімді. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың мәлімдеуінше, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау үшін биыл 312 мектеп асханасына тексеру жүргізілді. Анықталған кемшілік бойынша 117 адам 31 млн теңгеден астам сомаға өкімшілік жазаланды. 90 қызметкер жұмыстан шеттетілді, сотқа 8 материал жіберілді.

Министр атап өткендей, Президенттің тапсырмасына сәйкес, Денсаулауын мемлекеттік бақылауды күшейтудің жаңа тәсілдерін әзірлеп шықты. Оған сәйкес, мектеп, асхана мен медпункті әр кезде және жеке-жеке емес, бір мезгілде тексерілетін. Апыл-тұпыл дайындалып, көзбояушылық жасамауы үшін тексеру қарсаңында алдын ала хабарлау алып тасталады. Құжаттарының болуын қашықтан бақылауға қоса, объектілерге бару арқылы мониторинг жүргізу де көзделген. Заңнамаға тиісті түзетулер бүгінде Парламент қарауында жатыр.

— Тамақтану стандарты білім беру ұйымдарында 2025 жылдың 1 қыркүйегінен енгізіледі. Ол қантты тұтынуды 3,6 есеге, тұзды 5 есеге дейін азайтады. Сондай-ақ көкөністер, жемістер мен сүт өнімдерін тұтынуды арттырады. Стандартты жүзеге асыру аясында мектепте тамақтануға арналған үлгілік стандартты ас мәзірі бірнеше нұсқада әзірленді. Алғаш рет ыстық тағам әзірлеуге мүмкіндігі жоқ шағын жинақты мектептер үшін мәзір жасалды, — деді министр А.Әлназарова.

Ол мектеп оқушыларының тамақтану стандартын енгізуді мектептегі медицина қызметкерлері қадағалайтынын жеткізді. 2 мыңнан астам осындай маман арнайы оқытылған көрінеді. Кәсіпкерлердің мұнына ден қойған министр әкімдерден мектепте тамақтануға қойылатын жоғары талаптарды ескеруді сұрапты. Білім беру объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты сақтауды Денсаулық сақтау министрлігі тұрақты бақылауға алды.

ДАМУ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Рудный өлкесінде жаңа буынға сай мектеп-гимназиясы салтанатты түрде ашылды. Білім ордасының бой көтеруіне ERG компаниясының ықпалы зор болды. Бұл соңғы 3 жылда ERG қаражатына бой көтерген осымен үшінші мектеп. Заманауи жабдықтар мен жаңа модельдік жүйелер сапалы білім берері сөзсіз.

«Келешек мектептері» жобасы аясында салынған бұл білім ұясының аумағы — 19 590 шаршы метр. Ол елдегі алғашқы «жасыл» әрі ең ірі мектептердің бірі болады.

Салтанатты жиын 3 қыркүйекте дәстүрлі форматта өтті. Мемлекетіміздің көк Туы ілініп, 1-сынып оқушылары өнер көрсетіп, оқу жылының басталуын білдіретін алғашқы қонырау да соғылды. Әу бастан мектептің ғимараты «Строитель» стадионының орнына нөлден салынған. Соған орай №2 Рудный гимназиясы осы ғимаратқа көшіп жатыр. Бұған дейін ол 1958 жылы салынған ескі ғимаратта жан тасалаған.

«Ескі ғимараттың ауданы небәрі 2 мың шаршы метр болатын, адам толып, заманауи талаптарға сай келмейтін. Бүгінде біздің балаларымыз бен ұстаздарымыз кең, заманауи, жайлы кеңістікке ие болды, онда жеке тұлғаның дамуы мен дарындардың ашылуына қажеттінің бәрі бар», — деп атап өтті гимназия директоры Вячеслав Журавлев.

Жаңа гимназияда мамандандырылған физика, химия, биология кабинеттері, оқушылар өз қолдарымен өсімдіктер өсіретін гидропоника кабинеті, STEM зертханасы, робототехника кабинеттері, бес компьютерлік кабинет, үлкен спорт залы, 380 орындық акт залы, 240 орындық асхана бар. Жаңа оқу жылы мұнда 950 оқушымен басталып жатса, мектеп 1 200 оқушыға есептелген, контингент өседі деп күтілуде.



Мектептің ерекше маңызға ие жаңалығы — мемлекеттік тілде оқытатын сыныптардың ашылуы. Биылдыққа алғашқы 125 бала қабылданған көрінеді. Гимназияда бүгінде 80-ге жуық мұғалім жұмыс істейді, олардың бір бөлігі Рудный қаласына «Қазақстан үшін үйретемін» жобасы аясында келген жас мамандар, негізінен жаратылыстану-математика пәндерінің мұғалімдері.

ERG: РУДНЫЙҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН КҮН



— Жаңа мүмкіндіктер білім сапасының жоғарылығымен, шығармашылық табыстарымен көзге түскен №2 гимназияның дәстүрін сақтауға және арттыруға мүмкіндік береді. Қазір бізде қосымша білім беруге арналған заманауи кабинеттер, хореография және спорт залдары бар, бұл балалардың мектептен кейін дамуына мүмкіндік береді, — деп атап өтті Вячеслав Журавлев.

БІЛІМГЕ ЖОЛ АШҚАН ІГІ БАСТАМА

1 200 оқушыға шақталған мектептің ашылу салтанатына Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов пен ERG Директорлары кеңесінің төрағасы, Бас атқарушы директоры Шухрат Ибрагимов қатысты. Оқушылар мен ата-аналарға құттықтау сөзінде облыс әкімі келешек буынға зор сенім артатынын айтты.

— Мемлекет басшысы әрдайым мектеп — білім мен тәрбиенің киелі шаңырағы екенін баса айтады. Ал білім сапасын арттыру — әлеуметтік саясаттың басым

нык сенімдімін, — деді Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов.

Облыс әкімі былтырғы оқу жылында облыста 3 360 орындық бес мектеп ашылғанын, ал биыл тағы бес мектеп, оның ішінде Рудный қаласында 900 орындық мектеп салу жоспарланғанын еске салды. Бұл ретте қалада жолдар, инженерлік желілер, тұрғын үйлер жаңартылып, спорт нысандары салынуда. Жаңа мектеп осы жөндеудің маңызды бөлігіне айналды. Ол заманауи технологияларды, экологиялық тазалықты, жайлылық пен қолжетімділікті біріктіріп, мектеп оқушыларының жаңа көкжиектерін ашады.

— Біз бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев іске қосқан «Келешек мектептері» ұлттық бастамасының бір тармағы екенін мақтан тұтамыз. Заманының заңғары, Қазақстан ұлттық ғылым академиясының алғашқы академигі Қаныш Сәтпаев: «Білімнің еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді» деген. Біз салған бұл мектепте білім алып, оны тәжірибеде сынауға барлық жағдай жасалған, — деді ERG компаниясының бас атқарушы директоры Шухрат Ибрагимов.

КЕЛЕШЕК МЕКТЕП: ГИДРОПОНИКАДАН МЕДИА АЙМАҚҚА ДЕЙІН

Жаңа гимназияда көзіміз үйренген классикалық сыныптар мен спортзалға ғана шоғырланбаған. Мұнда физика және химия бойынша тәжірибелер жүргізуге болатын цифрлық зертханалар, биология және экология бойынша зерттеулерге арналған гидропоникалық қондырғылар, медиа-аймақ және подкаст студиясы бар. Соңғысында мектеп оқушылары медиа сауаттылық дағдыларын дамыта отырып, бейнежазбаларды өңдеуді және өз бағдарламаларын жазуды үйренеді.

ERG мектебі дегеніміз — «Келешек мектебінің» іске асқан моделі. Ол — өзге де ұйымдарға тұсбағдар болар, пилоттық алан.

Топтың үздіксіз дамуының ажырамас бөлігі.

Жаңа гимназия тек заманауи білім беру ұйымы ғана емес, мұқият ойластырылған бүтін бір экожүйе. Онда инклюзивті сәулет пен қолжетімді орта, жіті ойластырылған қауіпсіздік жүйесі бар. Ол эргономика, экология және энерготиімділік тұрғысынан барынша пысықталған.

Мектеп күн батареяларынан алынатын электр қуатымен қуаттанады. Бұл тек қуат тұтыну мөлшерін азайтып қана қоймай, өскелең ұрпақ бойында экологиялық мәдениет қалыптастырып, қоршаған ортаға барынша жауапкершілікпен қарауды үйретеді.

Мұндағы цифрлық зертханалар тек класта ғана емес, көшпелі сабақтар барысында да тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Ерекше гидропоника қондырғылары биология, экология мен химия ба-

БІЛІМ БЕРУДІҢ ТІРЕГІ — МҰҒАЛІМ

Білім беру ұйымының педагогикалық ұжымына ерекше көңіл бөлінген. Мұндағы ұстаздардың цифрлық көмекшілері болады. Ол оқушылардың осал және мықты тұстарын талдап, жекелеген тапсырмалар ұсынады. Осылайша, педагогтерге жәрдемдесіп, жалпы білім беру сапасы мен интерактивті арттырады.

Одан бөлек, ERG Teach for Qazaqstan қоғамдық қорымен бірлескен жоба аясында Рудныйға STEM-бағыты пәндерінің тәжірибелі 4 ұстазын жұмылдырылады. Бұл педагогтер тек ұстаз ғана емес, мектеп қауымдастықтарын ілгерілетіп, онда әлеуметтік және ғылыми-зерттеу жобаларын дамытар инноваторларға айналмақ.

— Иә, біз бұл жаңа мектепті шынын айтқанда, ұзақ күттік. Бұған дейін тек бір рет қана көрген-



ғыттары бойынша нақты зерттеулерге жол ашты. Одан бөлек, медиа-аумақ пен подкаст-студия бар. Ол аудио мен видео контентке құмар оқушылардың тартылыс аумағына айналмақ.

ERG мектебі білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаларға барынша бейімделген. Мамандандырылған сыныптар ашылып, лифт пен арнайы көтеру механизмдері орнатылып, әр оқушыға жайлы да қауіпсіз орта жасалған.

9-сынып оқушысының ата-анасы Әсем Сапарғалиеваның айтуынша, мұндай қарқынды дамыған мектептер қабілетті балаларды тәрбиелеп шығарады.

— Бүгінде ата-аналар үшін де, оқушылар үшін де ерекше қуанышты күн. Осындай мектепті көп жылдан бері күткен едік. Бүгін жаңа гимназияның ашылуына қатысып отырғанымызға өте қуаныштымыз. Мектеп өте үлкен, жарық, заманауи үлгіде салынған. Барлық қажетті жағдай жасалған: экологиялық жағынан да, инклюзивті білім беру тұрғысынан да. Балаларымыздың жақсы білім алатынына үлкен сенім артамыз. Ата-ана ретінде қуанышым шексіз, — дейді ата-ана.

біз. Бірақ алғашқы әсеріміз керемет болды. Мектеп өте үлкен, заманауи технологиялармен жабдықталған, жаңа мұғалімдер келді. Біз олармен алдағы бір жыл бойы бірге жұмыс істейміз.

Менің ойымша, бұл мектеп бізге қалаған жоғары оқу орындарына түсуге, армандарымызды жүзеге асыруға көп мүмкіндік береді. Себебі мен өзім 11-сынып оқушысымын. Сондықтан жоспарым мен мақсатым өте көп. Сол жоспарды орындауға, үлкен жетістікке жетуге осы мектептің септігін тигізетініне сенемін, — дейді 11-сынып оқушысы Владислав Ботвинов.

Осы орайда ERG бұған дейін Павлодар облысындағы Қаражар мен Сычевка ауылдарында үлгілі мектептер салып, толық жабдықтағанын айта кеткен абзал. Ал биыл Павлодар облысы Ақсу қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп пен Ақтөбе облысының Хромтау қаласындағы №2 гимназияны жаңартты. Осылайша, елімізде сапалы білім беретін сапалы мектептердің саны көбеюде.

Әсет ҚАЛИ
Астана—Рудный—Астана

Бейжіңде Қазақстанның алғашқы мәдени орталығы ашылды. Бұл – әзірге шетелдегі жалғыз қазақстандық орталық. Салтанатты рәсімге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚХР Мәдениет және туризм министрі Сунь Или, екі елдің дипломаттары мен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.



ӨНЕР = БІЛІМ. Бар жұрттар...



Орталықтың ашылуы – ұзақ мерзімді дипломатиялық келіссөздің және жоғары деңгейде қол жеткізген уағдаластықтың нәтижесі. 2022 жылы ҚХР Төрағасының Астанаға мемлекеттік сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Қытай мен Қазақстанда тең негізде мәдени орталық құру жөнінде келісімге келген еді.

Жобаның жүзеге асуы екі ел арасындағы мәдени айналымға серпін беріп, ел мәдениетін халықаралық аренада танытуға елеулі үлес қосады. Сондай-ақ бұл бастама Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыс пен стратегиялық әріптестіктің нығаюуына сеп болады.

Орталық Бейжіңнің беделді ауданында, Қытайдың халықаралық жастар алмасу орталығының бір бөлігі саналатын «21 ғасыр» бизнес-орталығында орналасқан. Орталықтың аумағы – 620 шаршы метр. Қазақстан мәдени орталығы Қытай аудиториясына қазақтың дәстүрін, өнерін, тілі мен тарихын және ұлттық тағамдарын таныстыратын іс-шара өтетін алаңға айналады.

Кеністік бірнеше аймаққа бөлінген, олардың интерактивті жабдықтары Қазақстан мәдениетіне барынша терең бойлауға мүмкіндік береді.

Мәдени орталықтың маңызды бөлігі – экспозициялық аймақ. Мұнда жүзден астам тарихи жәдігер қойылған. Олардың қатарында Сақ дәуірі жәдігерлерінің көшірмесі, Есік пен Берел қорғандарынан табылған заттар, сондай-ақ қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары бар. Орталыққа келген көпшілік домбыра мен қобыз секілді музыкалық аспаптарды, дәстүрлі әйел әшекейлерін, «сандық», «астау», «сырмақты» көреді. Бұл экспонаттар Қытай халқына Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар экспозицияда қазақстандық суретшілердің картинасы, ел тарихы мен мәдениетіне арналған сирек кітаптар ұсынылады. Мультимедиялық экран арқылы келушілер Қазақстанның табиғи және мәдени көрікті жерлері жайлы деректі фильм мен бейнематериалды тамашалай алады.

Орталықтың басты бағытының бірі – қазақ тілі кабинеті. Мұнда балалар мен ересектерге арналған тренинг пен сабақ өтеді.



Музыка және шығармашылық кабинеттері де орталықтың маңызды элементі. Қытайлық қонақтар дәстүрлі қазақ музыкасы жайында біліп қана қоймай, домбыра мен қобызда ойнауды үйрететін шеберлік сабағына қатыса алады. Сондай-ақ бұл жерде қазақстандық музыканттар мен өртістер өнер көрсететін концерт ұйымдастырылады.

Әдебиетсүйер қауым үшін орталықта кітапхана мен оқу залы қарастырылған. Мұнда қазақстандық авторлардың түрлі жанрадағы шығармасы шет тілдерде, соның ішінде қытай тілінде де ұсынылады. Негізгі экспонаттардың бірі – қазақтың ұлы ақыны Абайдың еңбектері. Кітапхана дәріс, таныстырылым және әдеби кеш өткізетін орынға айналып,

қытайлық аудиторияның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Мәдени орталықтың көпфункционалды алаңдары көрме, ғылыми конференция, дөңгелек үстел мен симпозиум өткізуге пайдаланылады. Бұл іс-шара Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени және білім беру байланысын нығайтады. Сондай-ақ орталық аумағында «Сандық» мейрамханасы жұмыс істейді, қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауда шеберлік сабағын өткізеді.

Бұл орталық Қазақстан мәдениеті мен тарихын тануға бағытталған білім беру және мәдени жобаларды дамытатын болады. Онда тек тіл мен өнерді үйретіп қана қоймай, сонымен бірге ғылыми зерттеулер мен мәдени дәстүрді таныстыруға арналған кен ауқымды жобалар да жасалады.

Алдағы жартыжылдықта Қазақстан мен Қытайдың жас кәсіпкерлері, ғалымдары, шығарма-

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

5 қыркүйекте Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен «Қазақ тілі – ғылым мен технология тілі» тақырыбында республикалық конференция өтті. Жиын елордадағы Назарбаев университетінде Қазақстан халқы тілдері күні мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған.



Конференцияға Үкімет мүшелері, белгілі ғалымдар мен сарапшы мамандар қатысты. Еліміздің барлық өңірінен тіл саясатына жауапты мамандар мен білім басқармаларының өкілдері онлайн форматта қосылды.

Жиында ғылым, білім, технология, тіл саясаты және цифрлық даму салалары талқыланып, мемлекеттік тілдің заманауи ғылыми-цифрлық кеңістіктегі орны мен мүмкіндіктері қарастырылды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қазақ тіліндегі мәтінді дыбысқа айналдыруға арналған «TTS» (Text-to-Speech) жобасын таныстырды. Бұл бастама қазақ тілінің дыбыстық қорын жасанды интеллект экожүйесіне енгізіп, оны ғылым мен технология саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Қазақша дыбыс моделі халықаралық Hugging Face платформасында жарияланады.

Конференция аясында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы

«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бірлесе отырып, «Ұлттық диктант» жобасын ресми түрде бастады. Жобаның мақсаты – жазу мәдениетін дамыту, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру және тіл арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту. Диктант офлайн және онлайн форматта өткізіледі, оған кез келген азамат қатыса алады.

Конференцияның ресми бөлігі аяқталған соң қатысушылар «Ұлттық диктант» жазды. Диктантты белгілі диктор Қымбат Досжан жүргізді. Диктант мәтіні қазақ әдебиеті классиктерінің шығармасынан тандалды. Қатысушыларға баға қойылмайды, әркім өз сауатын өзі тексереді.

Онлайн диктантты www.til.kz платформасындағы «Ұлттық диктант» парақшасында кез келген уақытта кез келген жерде жазуға болады. Қатысушыларға электронды алғыс хат пен КІТАР платформасына тегін жазылым беріледі.

«Ұлттық диктант» қорытындысы жыл соңына дейін жарияланып, жыл сайын дәстүрлі түрде өтеді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ ҚУАНТАДЫ

Қазақстанның стратегиялық зерттеу институты ел ішінде қызықты зерттеу жүргізген. Халықтың ел ертеңіне сенімін, келешекті қалай бағдарлайтынын талдаған.



Институттың хабарлауынша, халықтың 75,9%-ы елдің даму бағытын қолдайды. Соның ішінде жастар ел ертеңіне сенеді. Зерттеу көрсеткендей, жастардың 84,6%-ы болашаққа оптимист көзқараста. Азаматтарының төрттен үш бөлігі елдің даму бағытын дұрыс деп бағалайды. Яғни, 90%-ы осы елде туғанына, азаматы болғанына дән риза. Содан да болар тұрғындар-

дың басым бөлігі мемлекеттің дұрыс бағытта дамып жатқанын атап өткен.

Соның ішінде қазақстандықтар реформалардың нақты нәтиже беріп жатқанын айтқан. Мұны аталған институт әлеуметтік сауалнама арқылы анықтаған. Әсіресе, жастар ел дамуының басым бағыттарын атап, өзгерістерге оң бағасын берген.

ЖАНСАРАЙ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультетінде Қазақстанның халық жазушысы, кинодраматург Смағұл Елубайдың «Әдебиет – ұлттың рухы» атты көшбасшылық дәрісі өтті. Тағылымы мол кездесуде қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихы, жазушылық өнер және қиын-қыстау жылдармен тұспа-тұс келген әдебиет жайы сөз болды. Көшбасшылық дәріске факультеттің 1-курс студенттері мен ұстаздары қатысты.



Тағылымы мол кездесу

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жиын шымылдығын ашып берген белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы аталмыш кездесудің маңызына тоқталып, студенттерге руханияттың дамуына сүбелі үлес қосқан қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жайлы аз-кем баяндап берді. Қылышынан қан тамған қылы заманда өткір тақырыпты шығармасына арқау ете білген тұлғаның рухани болмысы мен жан-жақты саланы қамтыған қажырлы еңбегін ерекше атап өтті.

ҰЛТТЫ БІР ҚАЛЫПҚА ТҮСІРГЕН – ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫ ЕДІ

Дәріс барысында Смағұл Елубай қазақтың қазақ болып қалыптасуына ықпал еткен ауыз әдебиетінің рөліне тоқталды. Қаламгер бала кезінде көзімен көрген ерекше естеліктерді ақтарып, әдебиетпен ең алғаш бетпе-бет келген оқиғасын бөлісті. Оның сөзінше, бұл ісі қазақтың ауыз әдебиетімен сусындап өскен кезеңі еді.

— 1959 жылы Түрікменстан мен Ауғанстанның шекарасында әке-ағаларымыз ұжымшардың малын бақты. Біз небәрі 12 жастамыз. Бір күні ауыл ішінде «Қазақстаннан жыраулар келіпті!» деген әңгіме дүңк ете қалды. Себебі біз тұрған өңірде жыраулар кездеспейтін еді. Бұл жаналықты естіген жұрт шапқылап құдықтың басына жиналды. Содан кеш батып, алау жағылды. Қарасақ, қоршай жиналған жұрттың ортасында, алашаның үстінде қолында домбырасы бар жырау отыр. Ол Қызылордадан келген Мұрат жырау екен. Ал оның қасындағы серігі ықшам келген, қолына домбырасын ұстаған — Ағдос жырау. Олардың есімі бала кезімізде құлағымызда қалып қойған ғой. Содан алып денелі Мұрат ақын домбырасын қолға алып, жұртқа: «Қырық жылдың атын атаймын, ағайын. Осы жырлардың ішінен қалағанын таңдаңдар», — деп арнау айтты. Кейін жиналған жұрт «Мұхаммед-Әнафия» атты пайғамбардың батыр немересі туралы дастанды таңдады. Бір қызығы, жырдың әрқайсысы таң атқанша жырлауға

жетеді екен. Содан жыраулар жұрт таңдаған дастанды таң атқанша сілтеді. Халық қимылдамай, ауыздарын ашып отырып тыңдады. Бұл біздің өмірімізде ең алғаш рет үлкен әдебиетпен бетпе-бет келуіміз еді. Сол бір сәттен бастап біз әдебиетке, батырлық дастандарға ғашық болдық. Соның арқасында қолымызға түскен әрбір кітапты құныға, құмарта оқи бердік. Көп ұзамай «Көроғлы», «Қырымның қырық батыры», өзбек әдебиетіндегі «Фархад-Шырын» дастаны, қазақ тіліндегі «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» жыры қолыма келіп түсті. Жазба әдебиеті шыққанға дейін мындаған жылдар бойы халқымыз

дегі батырлық дастандар болған екен. Халық өзін-өзі сақтау үшін, жаудың табанында тапталып, жойылып кетпес үшін батыр ұлқыларды тәрбиелеу қажет болған. Халықты қырып алмай, аман сақтау үшін елге батырлар керек еді. Міне, жыраулар да осыны жақсы түйсінді. Сондықтан олар батырлар жырын таңды таңға ұрып жырлайтын болған, — деді Смағұл Елубай.

ҚАЛАМ ҰСТАҒАН ЖАЗУШЫ ҒАНА ҰЛТ ҮШІН ОТҚА ТҮСЕ АЛАДЫ

Әдебиет — ұлттың жаны. Кезінде руханияттың ең көне, ең асыл арнасы — батырлық



ды тәрбиелеген, бір қалыпқа түсірген — қазақ дастандары еді, — деді жазушы.

Сөз зергері әрбір халықтың менталитеті, яғни мінезі, ерекшелігі мен бірегейлігі әдебиетінде жатқанын атап өтіп, студенттерге филологияны тандау — ұлттың рухани насихатшысы, рухани дидары болуға ұмтылу екенін түйреп өтті.

— Кез келген халықтың рухани тарихына үнілсеңіз, дастандарды табасыз. Мәселен, гректің өткеніне қарасаңыз, «Илиада» мен «Одиссеяға», парсылардан Фирдаусидің «Шахнамасына», ал қазақтың рухани тарихынан «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» жырына куә боласыз. Біз осы дүниеге ой жүгірткеннен кейін мынадай заңдылықты байқадық. Шыңтуайында, Абай дәуіріне дейін, яғни, жазба әдебиеті шыққанша бүкіл халық ондаған ғасыр бойы қандай рухани шығарманы азық етті десек, бұл ауыз әдебиетін

дастандар болды. Әр буын өзінің рухани қуатын осы мұрадан алып отырды. Жыраулар толғауы елдің бірлігін бекемдеп, бүтін бір елдің болашаққа деген үміт отын жақты. Халқымыздың өмір сүруіне, жау табанында тапталмауына дем берген осы дәстүр туралы қаламгер былай дейді.

— Қазіргідей кино, театр, қолымызда ұялы телефон болмаған заманда халық батырлар жырын рухани талшық етті. Жырауларға деген сұраныс өте мықты болды. Сол дәуірде олардың ел арасындағы беделі айрықша еді. Жыраулар елді аралап, жұртты жинап, сөз өнерімен халықтың рухын көтерді, жүрегін тазартты, санасын шыңдады. Мындаған жылдарға жалғасқан бұл дәстүр — ұлтты жойылудан аман сақтап қалған киелі өнердің өзі. Ойланып көріңізші, егер жыраулар болмағанда не болар еді? Мүмкін біз тарих сахнасынан жойылар ма едік... Батырлар жы-

рын тындап өскен бізге басқа мандықтың қажеті жоқтай көрінетін. Арманымыз бір — батыр болу! Қобыландыдай қалың қолдың алдында ту көтеру, Алпамыстай елін қорғау, Ер Тарғындай жауға қарсы аттану. 17-18 жасқа дейінгі жастығымыз осындай асқақ арманмен, рухани толқумен өтті. Сол арман, сол жырдың рухы біздің даламызды жаудан қорғауға, ұлы мекенді сақтап қалуға дем берді. Әдебиеттің құдіреті — осында. Қалам ұстаған жазушы ғана ұлт үшін отқа түсе алады. Тарихтың өзі осыны талай мәрте дәлелдеді, — деді қаламгер.

Қазақ халқының өткен тарихында ақтандақ беттер аз емес. Солардың ең қасіреттісі — XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ашаршылық жылдары. Миллиондардың тағдырын жалмаған бұл нәубет ұзақ уақыт бойы көпшілік алдында айтылмай, тарих пен әдебиеттен де тыс қалды. Кенестік идеологияның катал цензурасы халықтың басынан кешкен шындығын бүркемелеп, тасада ұстады. Дегенмен ауыл арасындағы көне-көз қариялардың естеліктерінде сол сұмдықтың ізі сақталып, өзінен кейінгі ұрпаққа ауызша жетіп отырды. Кейіннен әдебиетке қадам басқан жас қаламгерлердің ішінде осы ауыр тақырыпқа оралуға талпынғандар да болды. Соның бірі — «Ақ боз үй» романын жазуға бет бұрған Смағұл атамыз еді.

— Бала күнімде тоғызыншы сыныптан кейін қаладағы №12 мектепке келдім. Тарихқа үніліп қарасақ, Голошекиннің зұлмат жылдарында, яғни 1920 жылдары біздің ауыл Ақтөбеден Үстірт арқылы Қарақалпақстанға, одан әрі Түрікменстанға көшіп кеткен екен. Ал біз 1961 жылы ғана Түрікменстаннан елге қайта оралдық. Сол уақытта тарихта да, әдебиетте де 1920—1930 жылдардағы ашаршылық жайлы бір ауыз сөз жоқ еді. Барлығы «асыра-сілтеумен» бүркемеленіп келген. Біз баламыз ғой, үлкендердің әңгімесіне сенетінбіз. Сонда шынымен-ақ олар өз көздерімен көрген сұмдықтарын айтуға батпай ма? Әлде өтірік айтқаны ма? Студент кезімізде 1-курста оқып жүргенде-ақ дәптеріме «Ақ боз үй» романының кейіпкерлерінің алғашқы сұлбасын түсіре бастадым. Бірақ мойындау керек, сол кезде қазақ әдебиетінде ашаршылық тақырыбына арналған шығарма жоқ болатын. Бұл, әрине, Кеңес үкіметінің катал цензурасының салдары еді. Әдебиетті оқыдық, архивтерді ақтардық, бірақ онда бұл зұлмат жайлы тек шет жағасы ғана айтылып, мардымды дерек таба алмадық. Ал ауылдың көзкөрген үлкендері шындықты айтқанда, небір адам төзгісіз сұмдықтарды жеткізетін. Иә, бұл тақырып тым ауыр еді. Университетте жүріп біз бұл тақырыпты толық игере алмайтынымызға көзіміз жетті. Сонымен, саралай-салмақтай келе, бұл тақырыпты уақытша ысырып қойып, проза мен әңгіме жанрында шығармалар жазуға ден қойдық. Кейіннен кітаптар басып шығардық. Ақыры, арада он жылдан аса уақыт өткен соң ғана ашаршылық туралы романды қайта қолға алуға бел будым, — деді Смағұл Елубай.

ШЫҒАРМАҒА ӨЗІН ЖАҚСЫ БІЛЕТІН АДАМДАРДЫ КЕЙІПКЕР ЕТІП ТАҢДАУ ҚАЖЕТ

Дәрістен соң аудиторияға жиналған оқырмандар қаламгердің

шығармашылық зертханасы мен жазу өнеріне қызығушылық танытып, көкейдегі бірқатар сұрағын қойып үлгерді. Солардың бірі әдебиет өкіліне: «Шығармадағы кейіпкерлердің сипатын, мінезін өз ойыңыздан шығарасыз ба, әлде олар шынайы өмірде көрген адамдар ма?» — деген оқырман сауалына жолдады. Осы тұста жазушы қолына қаламын серік еткен болашақ жазушыларға өмірлік тәжірибесінен сыр шертіп, ақыл-кеңесін де бөлісті.

— Маған туған ағамдай болып өткен Әбдіжәміл Нұрпейісов кезінде мынадай ақылдан айтқан еді. «Шығармаға өзің жақсы білетін, өмірде көрген адамдарды кейіпкер етіп таңдау қажет, сонда қателеспейсің» дегені бар. Оның бұл ақылы өте дұрыс деп ойлаймын. Мысалы, «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» шығармаларына образ бейнесі ретінде өзіміз жақсы білетін адамдарды таңдадық. Алайда шығармада олардың есімі өзгертіліп берілді. Шыңтуайына келгенде, әр адам — қайталанбайтын құбылыс. Өмірде айрықша есте қалатын адамдар болады. Тіпті, бала кезімізде бірге ойнап өскен балаларға дейін мінезі әртүрлі еді. «Ақ боз үй» шығармасының алғашқы бөлімі балалардың ойынынан басталады. Дәл осы шығармада біз сол балалардың мінезі мен сипатын кейіпкер етіп алдық, — деді қаламгер.

БІЗГЕ ЖЕТКЕН БЕЙБІТ КҮН ӘКЕ-ШЕШЕМІЗДІҢ АЗАПТЫ ТАҒДЫРЫНАН КЕЙІН ҒАНА БҰЙЫРДЫ

Кездесу барысында студенттер әдебиет өкілінен бүгінгі жастардың жауапкершілігі мен жас жазушылардың ізденісі туралы пікірін сұрап, жаңа буынның қаламгерлері қаузауға тиіс тақырыптар жөнінде білуге талпынды. Бұл сұраққа жазушы өткеннің қасіреті мен қазіргі бейбіт заманның мүмкіндіктерін сабақтастыра отырып жауап қайырды.

— XX ғасыр — адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Бұл туралы біз талай рет айтып та, жазып та жүрміз. 1916 жылдан бастап 1956 жылға дейінгі қырық жыл — күллі халық үшін қияметқайым кезең еді. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс, ашаршылық, қуғын-сүргін, революциялар... Қазақ халқы басынан осындай адам төзгісіз заманды өткерді. Тек 1956 жылы ғана Сталин әшкере-ленді. Осы аралықта халқымыз көрмеген азап жоқ. Сол қияметтің бар салмағын біздің әке-шешеміз, ата-бабамыз арқалады. Кейде сол ұрпаққа жаның ашиды. Бізге жеткен бейбіт күн солардың азапты тағдырынан кейін ғана бұйырды. Лайым, мұндай қайғы-қасірет қайталанбасын!

Ал XXI ғасыр мүлде басқа. Қазіргі заманның жазушысы «Мен не туралы жазамын?» деп сұрамауы қажет. Өйткені әдебиетке адал жанға Құдайдың өзі сыбырлайды. Мәселен, бір кездері құлағы естімей қалған атақты композитор Бетховен: «Құлағым Құдай сыбырлап тұрады», — деп айтқан екен. Нағыз жазушы үшін де жағдай солай, — деп сөзін түйіндеді жазушы Смағұл Елубай.

Кездесу соңында жазушы жастарға жүрекжарды лебізін білдіріп, ақ батасын берді. Студенттер жазушымен естелікке суретке түсіп, рухани серпін алып қайтты.

ӨРКЕНИЕТ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Биыл Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының құрылғанына 13 жыл толды. Қор құру туралы бастама алғаш 2009 жылдың 3 қазанында Әзербайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен Түркітілдес елдері мемлекет басшыларының IX саммитінде көтерілген болатын. Бұл бастама жоғары бағаланып, 2012 жылдың 23 тамызында Түркі мемлекеттері ұйымының Бішкек қаласында өткен саммитінде Қазақстан, Түркия, Қырғызстан мемлекеттері басшыларының қолдауымен Қор құрылып, Жарғысы қабылданды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Қордың басты мақсаты — Түркі әлемінің бай мұрасын және көпғасырлық тарихын зерттеу, сақтау және насихаттау. Сонымен қатар түркі халықтары арасындағы мәдениет көпірі рөлін атқарып, ортақ тарих пен рухани құндылықтардың жаңғыруына, рухани ынтымақтастықтың кенеюіне және түрлі мұрасын әлем елдеріне таныстыру бағытында үздіксіз жұмыс істеп келеді. Қор құрылған күннен бастап, Түркі әлемінің бірлігі мен мұрасы — болашақ ұрпаққа қалдырар ең ұлы аманат ретінде қарастырылып, материалдық және рухани мұрасы, көне дәстүрі мен ұлттық құндылықтары туралы бағдарламалар мен деректі фильмдер көрсетілетін Turk Discovery YouTube платформасын құру, TurkHeritage мәдени мұранысандарының каталогын жасау, ағартушылық және ортақ тарихты оқыту, халықаралық ғылыми жобалар ауқымын кеңейту секілді мәселелер қолға алынды.

Штаб-пәтері Баку қаласында орналасқан Қор Кеңесінің алғашқы отырысы 2024 жылы Түркі мемлекеттерінің Мәдениет министрліктері басшылары деңгейінде Әзербайжан Республикасының Мәдениет министрі Әділ Кәрімлінің төрағалығымен өтті. Отырыста Қордың 2025 жылға арналған қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау мәселелері талқыланып, іс-қимыл жоспары мен бюджет бекітілді, сонымен қатар Қор жанынан Консультативтік-сараптамалық комитет құрылды. Қордың Жарғысына сәйкес, 2025 жылы Қордың Кеңесіне төрағалық ету Қазақстан Республикасына өтті. Қордың II Кеңесі 2025 жылдың ақпан айында Астанада өтеді деп жоспарланды.

Қабылданған шешім бойынша 2025 жылы 7 ақпанда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Қазақстан Республикасының төрағалығымен ұйымға мүше елдердің Мәдениет министрлерінің қатысуымен Түркі мәдениеті және



ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

мұрасы қоры Кеңесінің II отырысы өтті.

Кездесуде Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының Президенті Ақтоты Райымқұлова Түркі мемлекеттері басшыларының «Түркі әлемінің келешегі-2040», TURK-TIME және басқа да стратегиялық құжаттарында көрсетілген бастамаларға сәйкес түркі мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және халықаралық аренада ілгерілету жөніндегі ұйымның стратегиялық бағыттары туралы айтты. Жиында Қордың 2025-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары егжей-тегжейлі таныстырылды.

Кездесу қорытындысында ұйымға мүше елдердің өкілдері Хаттамаға қол қойды. Хаттамада Қордың 2024 жылға арналған қызметіне жоғары баға беріліп, ұйымның 2025-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарларын бекіту және басқа да ортақ мәселелер қарастырылды. Қор Кеңесі отырысының нәтижелері Түркі елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықты дамытуға, мәдени мұраны сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және Түркі әлеміндегі халықаралық жобаларға жаңа серпін беруге жасалған маңызды қадам екені даусыз.

Қор басшысы Ақтоты Райымқұлова бауырлас елдердің мәдени-рухани бай мұрасын насихаттау, ынтымақ-бірлігін сақтау мақсатындағы жиындарға қатысып, түркі әлемінің болашағы туралы ой-пікірін бөлісіп отырады. Мәселен, Ақтоты Райымқұлова «TURKTIME: парламенттік дипломатияның рөлі» ұранымен өткен Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясының (TÜRKPA) 14-пленарлық отырысына қатысып, «Парламенттік дипломатияны бай түркі мұрасын сақтайтын көпірге теней келе, мұндай ынтымақтастықтың түркі мемлекеттері арасындағы сенім мен ынтымақтастықты арттырумен қатар, өңірлік тұрақтылық пен өркендеуге қуатты серпін беретінін ерекше атап өтті.

Қазір Қордың жұмысы кеңейіп, 2024 жылы Түрікменстан бақылаушы ел болуы жайлы, Өзбекстан Қорға мүше болу туралы шешімдерін жариялады.

Жыл бойы Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының стратегиялық жобалары мен бағдарламалары аясында бірқатар Түркі елдерінде рухани-мәдени іс-шаралар ұйымдастырып, қор жұмысын кеңейте түсу мақсатындағы жоспарлар іске асырылды. Қазақстан және Әзербайжан, Польша, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия, Қырғызстан, Мажарстан секілді елдердің тарихи рухани-мәдени бірлігінің маңызын арттыру, түркі және еуропалық халықтар арасындағы өзара түсіністік пен

және мұрасы қоры мен Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен «Түркі өркениетінің ескерткіштері: зерттеу, сақтау және қалпына келтіру әдістері» тақырыбында Түркі әлемінің сәулетші-тарихшылары және реставраторларының II Халықаралық симпозиумы өтті.

Симпозиумның салтанатты ашылуына Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, ICESCO-ның мұра



мәдени жақындасу бағытында көптеген игі шара жасалды. Ислам әлемінің Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы, Халықаралық білім беру корпорациясы (ҚазГАСА), Ататүрік орталығы, «Жібек жолы» мәдени-тарихи зерттеулер қоғамдық бірлестігі, Гейдар Әлиев қоры секілді халықаралық ұйымдармен меморандум негізінде ауқымды жобаларды жүзеге асырды.

Түбі бір түркі мұрасын түгендеп, болашақ ұрпаққа мәңгілік табыстау мақсатындағы іс-шаралар жоспары жыл бойы толсатқан жоқ. Ұлы мұрат жолындағы айтулы оқиғалар, маңызды жобалар мен келелі кеңестер ұйымдастыру арқылы Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры түркі әлемінің мәңгілік ортақ мақсат-мұраттары мен арман-тілектерінің орындалуы жолында орасан зор үлес қосып отыр.

Биыл маусым айында Түркістан қаласында Түркі мәдениеті

пына келтіру» тақырыптарындағы панельдік сессиялармен жалғасты.

Симпозиум аясындағы ұлы энциклопедист Махмұд Кашкаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің 950 жылдығына арналған көрме және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдениет орталығында өткен «Мың заман — бір Түркістан» музыкалық қойылымы болды.

Түркі әлемінің ортақ мұрасы мен бірлігін нығайтып, әлемге таныту жолындағы жылдың ең маңызды оқиғасы — «Ақтау — Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025» рәсімінің ашылу салтанатына А.Райымқұлова қатысып, бұл жиында да түркі әлемінің бай мұрасын сақтау мен насихаттау, ынтымақ-бірлігін нығайту мақсатында сөз сөйледі.

Ал Қор тарапынан ұйымдастырылған Алтай өңірінің бірегей мәдени-тарихи мұрасына сарапшылардың назарын аудару және оны сақтау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу мақсатында «Берел» мемлекеттік музей-қорығына барудың жөні бөлек. Сапар барысында Ақтоты Рахметоллақызы Түркі мәдениеті және мұрасы қоры жанындағы реставраторлар, тарихшылар мен сәулетшілерден құралған Консультативтік кеңес мүшелерінің назарын Берел қорғандарын жан-жақты зерттеуге аударды. «Алтай — Түркі дүниесінің бесігі» халықаралық музыка фестивалі, айтыс және ғылыми конференциялары аясында Берел қорғандарын археологиялық тұрғыда ғана емес, түркі халықтарының мәдени және тарихи сабақтастығын қамтамасыз етудегі маңызы мен өңірдің экологиялық және климаттық осалдығын ескере отырып, археологиялық олжаларды тұрақты сақтау үшін әдістемелік ұсыныстар әзірлеу қажеттігіне тоқталды. Яғни, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры Түркі әлемін біріктіру мен оның мәңгілік ортақ мақсат-мүдделері жолында аянып қалған емес.

Бытыр Бішкекте өткен Түркі мемлекеттері ұйымы мемлекет басшыларының XI саммиті аясында Махмұд Кашкаридің бай мұрасына арналған көрменің ашылу салтанатында Ақтоты Райымқұлова баяндама жасап, онда Махмұд Кашкаридің «... Алла



жөніндегі сарапшысы Осама Эльнахас, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері мен халықаралық сарапшылар қатысты. Екі күнге созылған Симпозиум жұмысы «Түркі өркениетінің ескерткіштерін зерттеу мен тарихи-мәдени маңызы» және «Сәулет ескерткіштерін сақтау мен қал-

Тағала бақтың нұрын түріктердің жұлдызына жасырған, олардың сұлтандығын көк жүзімен қосарлаған...» деген қанатты сөзін еске алып, тілге тиек еткен болатын. Осы мақсат биігінен қарағанда түркі әлемінің бірлігі мен жарқын болашағы үшін Түркі мәдениеті және мұра қорына жүктер жүк жеңіл емес.

МӘСЕЛЕ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Дін – ең нәзік әрі жауапты тақырып. Адамның жүрегіне, сеніміне, өмірлік ұстанымына әсер ететін ілім. Бүгінде ақпарат ағыны күшейіп, әркімнің қолында смартфон бар заманда діни білімді халық қайдан алып жүр? Шекара қызметі тамыз айында елге заңсыз кіргізілмек болған 678 діни кітапты тәркілепті. Жалпы, діни контент пен басылымдарға қаншалықты сақ қараймыз?

А Көктем ҚАРҚЫН

Кез келген әлеуметтік желіні ашсаңыз, өзін дін маманы санайтын адамдардың түрлі уағызын кездестіресіз. Біреуі — мазмұнды, екіншісі — күмәнді. Ал кейде діннің атын жамылып, адастыруға тырысатын топтар да бар. Міне, сондықтан «ақпарат бар, бірақ сүзгі қайда?» деген сауал көкейге оралады. Қазақстанда заң бойынша діни әдебиетке сүзгі бар. Әкелінген немесе басып шығарылатын әрбір діни кітап Дін істері комитетінің сараптамасынан өтеді. Яғни, қоғамға ұсынылар алдында мәтін тексеріледі. «Ішінде радикалдық идея, алауыздыққа шақыру бар ма, жоқ па?» барлығы назардан тыс қалмайды. Дегенмен діни кітаптарды заңсыз шекарадан алып өтетіндер саны азаяр емес. Айталық, Шекара қызметі өткен тамыз айында құзыретті органдармен өзара бірлескен іс-қимыл жасай отырып, шекара шекарада 4 610 заң бұзушыны, соның ішінде: шекараны бұзғаны үшін 39 шетел азаматын, шекараны бұзу әрекеті үшін 25 шетел азаматын ұстады. Таратылған мәліметтерге қарағанда, тамыз айында мемлекеттік шекара арқылы тауарлар

Діни әдебиет СҮЗГІДЕН? ӨТЕ МЕ?



Ал былтыр Қазақстан шекарасынан заңсыз тасымалданған діни әдебиеттің жалпы саны – 24 087 дана. Осы тұста «Біз діни кітапқа неге маңыз беруіміз керек?» деген заңды сұрақ туындайды. Өйткені ол – жай ғана қағазға басылған мәтін емес, адамның сенімін қалыптастыратын, өмірлік бағытын айқындайтын құрал.

мен жүкті заңсыз өткізудің 1 352 фактісінің алды алынды. Соның ішінде жалпы салмағы 5 келіден астам есірткі заттары, қарулар мен оқ-дәрілердің 47 фактісі, діни әдебиеттің 18 фактісі (678 дана) анықталыпты.

«Осы фактілер бойынша материалдар заң бұзушыларды жауапқа тарту үшін құқық қорғау және сот органдарына жолданды. Мемлекеттік шекарада қандай да бір шектеу шаралары енгізілген жоқ, барлық өткізу пункттері штаттық режимде жұмыс істеп жатыр. 2025 жылдың 25 тамызынан бастап Қазақстан–Қырғызстан мемлекеттік шекарасының учаскесіндегі «Кеген» (Алматы облысының Райымбек ауданы) автомобильдік өткізу пункті тәулік бойы жұмыс режиміне ауысты», — делінген Шекара қызметінің хабарламасында.

Ал былтыр Қазақстан шекарасынан заңсыз тасымалданған діни әдебиеттің жалпы саны – 24 087 дана. Осы тұста «Біз діни кітапқа неге маңыз беруіміз керек?» деген заңды сұрақ туындайды. Өйткені ол – жай ғана қағазға басылған мәтін емес, адамның сенімін қалыптастыратын, өмір-

лік бағытын айқындайтын құрал. Діни әдебиет — рухани азық. Ал азықтың дұрыс, бұрысы бар. Иә, ол есірткі емес. Есірткі денені улайды. Ол қару-жарак та емес. Қару көзге көрініп, төнді жаралайды. Ал дұрыс жолдан тайған діни әдебиет — ең қауіпті у. Өйткені ол адамның «санасын улайды». Санасы уланған адам өзінің ғана емес, өзгелердің де өміріне қауіп төндіреді.

ХАЛЫҚ ДІНИ АҚПАРАТҚА СҮЗГІМЕН ҚАРАУЫ ҚАЖЕТ

Жалпы, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда дінге деген қатынас елеулі өзгеріске ұшырады. Қазақстан азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың ел аумағына еркін кіріп-шығуы, мекенжайларын еркін алмастыра алуы және ақпараттық технологиялардың, байланыс құралдары мен интернеттің кеңінен таралуы республикада түрлі діни ағым идеяларының таралуына себеп болғаны жасырын емес. Міне, осы кезде діни басылымдар да бақылаудан шығып кетті.

— Діни әдебиеттерге қатысты арнайы заң негіздемелері

мен қағидалары бар. Мысалы, 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда діни әдебиеттер мен материалдарды тарату тәртібі нақты реттелген. Яғни, діни мазмұндағы әдебиеттерді, басқа да материалдарды, заттарды тек қана ғибадат үйлерінде, діни білім беру ұйымдарында және жергілікті атқарушы органдардың белгілеген тұрақты орындарында ғана таратуға рұқсат етілген. Осыған орай, кез келген жерде діни кітаптарды ақылы сатуға, тегін үлестіруге, өз қаражатымен басып шығаруға тыйым салынған. Әсіресе, Дін істер комитеті мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сүзгісінен өтіп, жат ағым бағытындағы радикалы, экстремистік деп танылған кітаптар тізімі бар, олардың елімізде таралуына мүлдем жол беруге болмайды, — дейді Нұрлан Байжігітұлы.

Оның айтуынша, әлдеқандай жолмен сырттан кірген кітаптар, айталық, кезінде қажылыққа барған адамдар өздерімен бірге көтеріп келген еңбектер тәрізді. «Бейкүнә» жолмен елге енген кітаптар міндетті түрде Дін істер комитеті мен ҚМДБ-ның сараптамасынан өтуге тиіс. Өтпеген жағдайда, бұл заңсыз әрекет болып саналады. Әлбетте, қазір ізденген адамға интернет — ашық алаң, ақылы саудасаттықтар да шектеусіз жүріп жатыр десек болады. Кітап былай тұрсын, қазір цифрлық дамудың кезеңінде, онлайн

платформалар арқылы шетелдің діни ақпараттары әрбір құлаққа жетіп жатыр, яғни қолжетімді болып қалды. Алайда мұның заңбұзушылық екенін халықтың дені біле бермейтін тәрізді.

— Сонымен қатар кез келген діни кітапты көшеде, қоғамдық орында сіздің қолыңызға ұстата салудың, әсіресе мектеп оқушыларының қолына бере салу қылмыс екенін жұртшылық білуі керек. Менің ойымша, Қазақстан мұсылмандары діни

тап теріс кетсе, сенім кетіп, ал сенім кетсе, елім кетеді деген менде уайым бар, — дейді Н.Байжігітұлы.

ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН КІТАП ДІНИ САРАПТАМАДАН ӨТЕДІ

Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, діни сенім бостандығы заңмен қорғалады. Алайда діни экстремизмнің алдын алу және қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мақсатында діни әдебиеттердің таралуын реттеуге бағытталған бірқатар ереже бекітілген. Бұл талаптар «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында және оған қатысты нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген. Оған сәйкес, діни мазмұндағы кітаптар мен өнімдер тек арнайы бекітілген дүкендерде сатылады. Кез келген жерде, базарларда, көшеде немесе рұқсат етілмеген сауда орындарында діни әдебиетті таратуға тыйым салынған. Бұл талап діни материалдардың бақылаусыз таралуын болдырмауға бағытталған. Ал Қазақстанға әкелінетін кез келген діни әдебиет алдымен Дін істері жөніндегі уәкілетті органның сараптамасынан өткізіледі. Сараптамада мәтіннің мазмұнына талдау жасалып, онда экстремизмді, алауыздықты немесе заңға қайшы идеяларды насихаттау баржоғы тексеріледі.

— Діни мазмұндағы баспа өнімдерін бұрыннан бері белгіленген тәртіп бойынша сатады. Яғни, мұндай кітаптарды рұқсат етілген дүкендерде болмаса діни конверсиялардың өздеріне тиесілі ғимарат территорияларында ғана сатуға болады. Кітап дүкендерін жергілікті әкімшілік бекітеді. Себебі бұл дүкендер оқу орындарынан алыс болуы керек. Ал заң бойынша шекарадан заңсыз діни әдебиеттерді өткізуге тыйым салынған. Егер діни кітап өткізбекші болса, оған дінтану сараптамасының қорытындысын жасатуы қажет, — дейді дінтанушы Кеңшілік Тышқанұлы.

Ендеше діни бірлестіктер өз ғибадат үйлерінде діни әдебиетті тарата алады, бірақ ол тек ресми рұқсат етілген өнім болуға тиіс. Шетелден әкелінген кітаптар алдын ала мақұлдандырылған, еркін сатылымға шығарылмайды. Әлеуметтік желілер мен сайттарда таратылатын діни материалдар да заңға қайшы келмеуге тиіс. Егер діни мазмұндағы мәтін немесе бейнематериал экстремистік идеяларды насихаттаса, ол тыйым салынған ақпарат ретінде бұғатталады. Бұл шектеулер дінге тыйым салу емес, керісінше қоғамдық қауіпсіздік пен ұлтаралық келісімді сақтау үшін енгізілген. Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет болғандықтан, діни материалдардың таралуына заңды тұрғыда қадағалау жүргізіледі.

P.S:

Ресми органдардың сараптамасы — сыртқы сүзгі. Бірақ ең маңызды сүзгі әр адамның өз ішінде болуы керек. Ақпарат көп заманда діни білімді дұрыс алу да үлкен жауапкершілік. Заң ресми кітаптарды сүзгіден өткізеді, бірақ интернеттегі бейнематериалға басты сүзгі адамның санасы мен сыни ойлау қабілеті екені анық.



6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Су – жер бетіндегі бүкіл тіршіліктің қайнар көзі. Адамзат тарихына үңілсек, барлық өркениет өз бастауын өзен-көлдің, теңіз-мұхиттың жағасынан алған. Ніл жағалауындағы Мысыр, Ефрат пен Тигр бойындағы Месопотамия, Сыр мен Әмудария төңірегіндегі ежелгі өркениеттер – соның айғағы. Алайда табиғат сыйлаған осы бір игілік кейде тілсіз жауға айналады. Су тасқыны, дамының жарылуы, сел, дауыл кезіндегі теңіз толқыны мыңдаған адамның өміріне қауіп төндіріп, елді мекендерге орасан зиян тигізіп жатады. Міне, дәл осы тілсіз жаудың тығырығынан шығуға ұмтылған жастардың бір күні жайлы қазақстандық Qaitadan фильмі жарыққа шықты.



QAITADAN

қандай КИНО?

Фильм алғашқы минуттарынан-ақ көрерменді өзіне тартып әкетеді. Экшнге толы кадрлар, дамының күзетшісі неміс атаның бейнесі – шетелдік блокбастерлерді еске түсіргендей әсер қалдырды. Ал цементтің қатпарынан жарылған 3D кадр техникалық жағынан да, көркемдік тұрғыдан да ерекше шешім болып шыққан. Көрерменді фильм басталмай жатып селт еткізетіні де сондықтан. Qaitadan тек оқиға желісімен ғана емес, визуалды қуатымен де баурайды. Режиссер қарапайым өмірдің өзінен үлкен экранға лайық терең көріністерді таба білген. Кейіпкерлердің ішкі әлемі, тағдыр тауқыметі, өмірлік таңдау сәттері шынайы суреттелген. Әр диалог – бүгінгі қоғамға ой салады, әр көрініс – көрерменнің жүрегіне жақын. Фильм ұлттық бояуды да, заманауи тәсілді де шебер үйлестіре алған. Бұл – қазақ киносының жаңа белеске көтерілгенін көрсететін еңбектердің бірі.

– Қазіргі фильмдерден статикалық кадрлар мен ұзаққа созылған диалогтерді көп көре бермейсіз. Өйткені ондай жағдайда көрермен қолындағы телефонын шұқылап, назарын басқа жаққа аударып кетеді. Сол себепті қазіргі фильмдер формасы жағынан өте тартымды, динамикасы қарқын-

ды, диалогтері қысқа әрі нұсқа, сюжеттік бұрылыс өте көп, мазмұнды болуға тиіс. Бұған маркетингтік тұрғыдан тартымды болуды тағы қосыңыз. Мәселен, былтырғы Оскар сыйлығын алған «Анора» фильміне зер салар болсаңыз, фильмінің 140 минуты, 140 TikTok екеніне көз жеткізесіз, – дейді туындының продюсері Жалын Тілеуберген.

Шығармашылық топ Qaitadan фильміне кірісер алдында осы бір факторларды саралап, есепке алуға тырысқан. Сондықтан фильмдегі дамының жарылуы мен «уақыт ілмегі» әдісі, яғни бас кейіпкердің бір күн ішінде қалып кетуі, көрерменнің назарын аудартатын форма. Жалпақ тілмен айтқанда, айсбергтің көзге көрінетін беті ғана.

– Осы бір қарқынды, үрейлі әрі қызықты форманың астарына біз көп мағына салуға тырыстық. Яғни, көрермен визуалды тұрғыдан тартымды, сюжеттік бұрылысы көп, өте қарқынды фильмді

тамашалап отырып, саналы түрде тек қазақ қоғамы түсінетін шетін мәселелерді байқайды. Өйткені біз бұл фильмге көпқабатты мағына таңуға тырыстық. Осы бір ерекшелікті көрермен байқайды деп үміттенеміз, – дейді Жалын Тілеуберген.

Бас кейіпкер – қалада өскен Рауан. Ол ҰБТ-дан сүрінген соң, ата-анасы сабақ болсын деген оймен оны шалғайдағы ауылға жібереді. Бастапқыда бұл әдеттегі жазғы демалыс секілді көрінген. Алайда тағдыр оны күтпеген сынаққа жетелейді. Кенет Рауан бір күннің тұзағына түсіп қалады: күн сайын таң атады, бәрі қалыпты басталады, бірақ әр кештің соңында дамы қирап, ауылды апат жайлайды. Уақыт ілмегі оны қайта-қайта сол күнге әкеліп тастайды. Қорқыныш пен шарасыздыққа бой алдырған кейіпкер бірте-бірте бұл сынақтан өту үшін тек өзін емес, тұтас ауылды құтқаруы қажет екенін түсінеді. Әр қайталанған күн Рауанға жаңа сабақ береді. Ол адамдарға сенуді, жауапкершілікті мойнына алуды, тіпті өз қателіктерімен бетпе-бет

ғыла Ешенова ойнайды. Екінші планда Алматы Сақатовты, Ержан Нұрымбетовты және Әшім Ахметовты көруге болады.

– Фильм – жас режиссер Думан Еркімбектің дебюттік туындысы. Әркім өз дәуірінің кейіпкері. Қоғам, адам, апат, жеңіс... Кинода әдемі үйлескен! Бүгінгі көрермен өз бейнесін көрді, іздегенін тапты, сәтсіздігін жеңді, мақсатын орындады. Елді апаттан аман алып қалудың жолын тапты. Өз жолымен, өз таңдауымен тапты. Жастарға жігер беретін, жастардың дауысы естілетін осындай жобалар керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына үлкен жауапкершілік жүктегенін білеміз. Алдағы уақытта да орталық питчингтен өткен киножобаларға кеңінен жол ашып, жаңа есімдерді, талантты жас режиссерлерді танытатынына сенеміз, – дейді белгілі жазушы, драматург Роза Мұқанова.

Бұл алғашқы отандық катастрофалық фильм болғандықтан, түсірім жұмыстары да оңайға соқпапты. Ауқымды декорацияларды тұрғызу, су тасқынын бейнелейтін компьютерлік графика жасау секілді күрделі жұмыстарды атқаруға тура келген. Су басатын ауылды салудың өзіне үш ай уақыт кеткен. Осындай қолды байлайтын, техникалық тұрғыдан ауыр дайындықтың өзі көп күш пен уақытты талап етеді. Жалпы алғанда, Qaitadan фильмінің идеясы туғаннан бастап, дайын туынды ретінде көрерменге жол тартуына дейін тура бес жыл уақыт кеткен.

– Эвакуация мен бөгеттің жарылу көріністерін түсіру оңай болған жоқ – оған 300-ден астам массовка, ондаған дрон және екі ірі түсірілім тобы тартылды. Жалпы, өте масштабты, техникалық тұрғыдан қиын жоба болғандықтан, әрбір түсірілім күні сынаққа толы болды. Әлбетте, бұл жұмыстарды атқару оңай болған жоқ. Дегенмен жұмыс тобының жобаға деген сенімі мен ауызбіршілігінің арқасында бәрін өткердік. Ең бастысы – көрерменге сапалы, ой саларлық терең туынды ұсынығымыз келді. Қалғанын халық бағалайды, – деп қорытындылады фильмінің бас продюсері Жалын Тілеуберген.

Иә, Голливудта да бір күннің қайталануы жайлы түсірілген фильмдер бар. Мәселен, Groundhog Day (Таңғы ызғар күні), Edge of Tomorrow (Ертеңгі күн шебінде) сияқты туындылар көпшілікке жақсы таныс. Дегенмен, «Қайтадан» фильмі тек уақыттың ілмегіне түскен кейіпкер тағдырын емес, қазақы болмыс пен ауыл тіршілігін, ұлттық құндылықтарды қатар өріп көрсетеді.

Егер шетелдік картиналарда басты назар көбіне соғыс, фантастика немесе комедияға аударылса, Qaitadan қарапайым ауыл өмірін арқау етеді. Қала баласы Рауанның тағдыры арқылы фильм көрерменге үлкен философиялық ой тастайды. Себебі өзінді ғана емес, айналанды, тіпті тұтас қоғамды құтқаруға ұмтылу – әр адамның міндеті.

ЖАҢА

«ЖҰПДЫЗДЫ»

жағуға дайын



Silk Way Star жобасы жалғасып жатыр. 12 елдің қатысушысын бір арнаға тоғыстырған байқаудың әр күні қызықты өтуде. Silk Way Star – тек өнер ала-маны емес, ол достық пен ізгілікті дәріптейтін алаң.

– Қазақстан – өте қонақжай халық. Тіпті, бұл елдің қонақжайлығы адамдарының өзгеге деген қарым-қатынасынан-ақ байқалады. Ал халықаралық жобаға келетін болсақ, мен бұл жерде әділқазы ретінде алғаш рет қатысып отырмын. Алған әсерім ерекше. Себебі бұл жерге төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен ең талантты жастар жиналған. Бір байқағаным, Silk Way Star тек сынақ алаңы емес, мұнда достықтың лебі сезіледі, – дейді байқаудың әділқазы мүшесі, Түрікменстан опера әншісі Атажан Бердиев.

Айтпақшы, өнерпаздар жақында ғана Астана қаласында экскурсия жасап, бір-бірімен достық қарым-қатынасын нығайта түсті. Шаһардың көрікті жерлерін аралап, қазақ халқының мәдениетімен танысты. Танысып қана қоймай, қаланың тарихына терең бойлады. Қатысушылар алған әсерін сөзбен жеткізу мүмкін емес екенін жасырмады.

– Әділқазы болу бұл – жауапкершілігі мол шаруа. Себебі әр қатысушының өзіне тән таланты мен харизмасы бар. Дауысы мен таңдаған бағыты да әртүрлі. Сондықтан мен үшін оларға баға беру өте қиын. Біздің берген бағадан қатысушының болашақ тағдыры шешіледі. Ешкімнің көңілін қалдырғым келмейді. Бірақ сайыстың талабы солай. Ережесі бар. Жеңімпаз тек біреу ғана болуы керек, – деді Атажан Бердиев.

Айта кету керек, жоба Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені мен Қытайдың СМГ медиакорпорациясы арасындағы халықаралық Silk Way Star жобасын құру туралы келісім аясында жүзеге асып жатыр. Аталған келісімге 2025 жылы 16 маусымда ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға ресми сапары барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және Қытай көшбасшысының қатысуымен қол қойылған болатын.

Байқауға 12 ел, атап айтқанда, Әзербайжан, Армения, Грузия, Малайзия, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Оңтүстік Корея өкілдері қатысуда.

Музыкалық сайыстың түсірілімі 2025 жылы 20 тамызда басталды. Гранд-финал 22 қараша күні Jibek Joly/Silk Way телеарнасында және байқауға қатысушы елдердің жетекші телеарнасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Бетгі дайындаған Кербез ЕСІМ

АЙМАҚ

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



КӨШІП КЕЛГЕНДЕР КӨП

Қазақстанның көші-қон саясатының басты бағыттарының бірі – тарихи Отанына оралған қандастарды қолдау және олардың жаңа ортаға бейімделуіне жағдай жасау. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары негізінде жалғасын тауып келе жатқан маңызды іс. Шымкент қаласында жыл басынан бері 228 отбасыдан тұратын 482 этникалық қазаққа «қандас» мәртебесі берілді.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Сондай-ақ байға мәртебесін ұзартқан 17 отбасының 18 адамы бар. Осылайша, биылғы есеп бойынша қандастардың жалпы саны 500 адамға жетіп отыр. Олардың ішінде 223-і ер азамат, 259-ы әйелдер болса, 192 бала – 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер. Еңбекке қабілетті жастағы қандастар саны 243 адамға жеткен. Бұл – ел экономикасына үлес қосуға әлеуетті үлкен күш. Бұл туралы Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жаннат Өтебаева атап өтті.

Қандастардың білім деңгейіне назар аударар болсақ, олардың 62-сі жоғары білімді, 76-сы орта арнаулы, 99-ы жалпы орта білімді, ал 2 адам білімі жок. Бұл көрсеткіш Шымкентке қоныс аударған этникалық қазақтардың арасында білімді мамандардың жеткілікті екенін көрсетеді. Көшіп келгендердің басым бөлігі – Өзбекстан Республикасынан. Атап айтқанда, 473 қандас көрші елден қоныс аударса, Қытайдан – 7 адам, Ресейден – 1 адам, Қырғызстаннан 1 адам келген. Олар негізінен құрылыс саласында, саудасаттықта және түрлі жалдамалы жұмыстарда еңбек етуде.

«Қандастардың тұрмысқа бейімделуі мен қоғамға ықпалдасуын жүйелі жүргізу мақсатында жаңаша құрылым жасалған. Бұрынғы «Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» КММ мен «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы»

КММ біріктіріліп, бүгінде «№3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және қандастарды бейімдеу орталығы» болып қайта құрылды. Бұл қадам қызметтің сапасын арттырып, қандастарға көрсетілетін көмектің тиімділігін күшейтті», – дейді басқарма басшысы.

Шымкент қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильдігі орталығына» осы уақытқа дейін 30 қандас жүгінген. Оның

3-санатқа – 266 адам және 4-санатқа – 27 адам. Қазір 17 кәсіпорын мен ұйымдарда 126 шетелдік маман еңбек етуде. Олардың үлесі – небәрі 2,9 пайыз, ал қазақстандықтардың үлесі 97,1 пайызды құрайды. Бұл – еңбек нарығында жергілікті азаматтарға басымдық беріліп отырғанының айқын көрінісі.

Айта кету керек, шетелден тартылған мамандардың 91,2 пайызы – жоғары білікті ма-



Елімізге тек қандастар ғана емес, білікті шетел мамандары да келіп еңбек етуде. 2025 жылға Шымкент қаласына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 502 бірлік квота бөлген.

ішінде 16 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылған. Нақтырақ айтқанда, 10 адам бос жұмыс орындарына жолдама алса, 1 жас маман Жастар практикасына жолданған. 1-еуі ақылы қоғамдық жұмысқа орналасып, 4 қандас «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқып шыққан. Бұл көрсеткіш – жаңа ортаға бейімделіп қана қоймай, қоғамға белсенді кірігіп жатқан қандастардың айқын дәлелі.

Елімізге тек қандастар ғана емес, білікті шетел мамандары да келіп еңбек етуде. 2025 жылға Шымкент қаласына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 502 бірлік квота бөлген. Оның ішінде: 1-санатқа – 34, 2-санатқа – 175,

мамандар. Ал рұқсат беру және ұзарту алымдарынан жергілікті бюджетке 35,2 млн теңге қаржы түскен. Жалпы, Шымкент қаласында көші-қон саясаты жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қандастарға жасалған қамқорлық олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, еңбекке араласуына мүмкіндік беруде. Ал шетелдік жұмыс күшін тартудағы басты мақсат – жергілікті мамандардың тәжірибесін жетілдіру, еңбек нарығын толықтыру. Бастысы мемлекет саясаты қандастарға қамқор болып, өз жерінде жаңа өмір бастауына жағдай жасап отыр. Бұл қадам – тарихи әділеттіліктің салтанат құруы әрі ел бірлігінің, ұлттық мүдденің айқын көрінісі.

ҚОРИМДАРДЫҢ ҚАҚПАСЫНА ҚАРА ҚҰЛЫП САЛЫНА МА?

Тараз тұрғындары арасында «үлкен зират жабылады» деген әңгіме желдей есіп тұр. Олардың сөзіне сүйенсек, жергілікті билік аумағы 110 мың гектарды құрайтын зираттың қақпасына қара құлып салмақшы екен. Осылайша, «қаза болған туыстарымыздың қасына жерлене алмай қалатын болдық» деп жанайқайын жеткізген жұртшылық әкімдік өкілдерінің есігін қақты. Алайда биліктегілер бұл ақпаратты жоққа шығарып отыр.



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Әңгіменің әлкисасын әріден бастасак, ел аузында «Зеленый ковер» атанып кеткен зираттың жабылатыны туралы екі-үш жылдан бері айтылып жүрген болатын. Себебі қорым мүрдеге толып, адам жерлейтін орын тапшы болып бара жатқанын жергілікті билік мәлімдеген. Оған қоса, зират аумағына түрлі кәсіпкерлік нысандар салынып кеткеннен кейін санитарлық мәселе де өзекті бола түскен. Осыған байланысты зират бүгін болмаса да, ертең жабылатындығы айтылған. Міне, осы мәселеге Тараз қаласы әкімдігі биыл мықтап кірісе бастағандай. Алайда бұған бұқара қарсы болуда.

– Бұл мазарда ата-бабаларымыз, жақындарымыз жатыр. Арманымыз солардың жанына жерлену болатын. Егер әкімдік қорымды жауып тастайтын болса, осы арманымыз үзілейін деп тұр. Одан бөлек, қазір мазарға қарап отырған кәсіпкер бар. Ертең әкімдік мазарға адам жерлеуге тыйым салса, ол кәсіпкер бәрін тастап кетеді. Содан кейін молалар тоналып, вандализм дендейтіні анық. Осыған жүрегім ауырады. Аруақты қорламайық, – дейді қала тұрғыны Палым Байжанов.

Негізі, аумағы 110 мың гектарды құрайтын зират бұл күнде 4 гектарға ұлғайып, рұқсат етілген шекарасынан шығып кеткен екен. Билік осы уәжді алға тартса, тұрғындар аумағын тағы кеңейтуге жер жеткілікті деп отыр.

Ал жалпы, бүгінгі күнге зиратта 300 мыңнан аса түрлі дін өкілдері жерленген. Коронавирус пандемиясы кезінде молалар саны еселеп артқан екен. Күнделікті 3-4 мола қазылыпты. Ал бұқара көтеріп отырған басты мәселе – қала тұрғындарының

дені көзі тірісінде өздеріне бұл зираттан орын алып қойған.

Қала әкімдігінің мамандары қорымды жабу туралы шешім әлі қабылданбағанын мәлімдеп отыр. Олар қазір зират аумағын қоршап, қай жылға дейін жерлеу рәсімін өткізуге болатындығын анықтап жатыр екен.

– Жаңа бас жоспарға сай, қазір қаладағы зираттың барлығын зерделеуден өткізіп жатырмыз. Бұл қорымдарды бірден жаба салу деген сөз емес. Қазір жерлеу рәсімі мұсылмандарға 12 мың теңге болса, христиандарға – 11 мың теңге. Бұл бағыттағы жұмыстарды зиратты жалға алған кәсіпкер жүргізуде. Біздің тарапымыздан аталған қорымға әлі қанша жыл жерлеу рәсімдерін өткізуге болатынын нақтылап беру, – дейді Тараз қаласы әкімінің орынбасары Нұрсұлтан Исабеков.

Негізі, бүгінгі күнге Тараз қаласы әкімдігі теңгеріміндегі 7 зират та қоршалған екен. Олардың қаншасы ашық, ал қаншасы жабық қорым болатындығы зерделенуде. «Жабық» деген қорымға мүлде жерлеу жүргізілмейтін болса, «ашық» қорымға жерлеу рәсімдеріне рұқсат беріледі. Тағы бір назар аударатын жайт, ашық мазардың санитарлық аумағы тұрғын үй мен кәсіпкерлік нысандардан 300 метр болуы керек. Ал жабық мазардың санитарлық нормасы – 100 метр.

Әкімдік мамандарының айтуынша, қазір қалалықтар жабық қорымға да жақындарын жерлеуді тоқтатпай жатыр екен. Сондықтан бұл бағытта арнайы комиссия құрылып, қазір зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Егер қорым аумағы толған болса, онда арнайы қаулы шығарылып, қақпасына қара құлып салынады. Жоғарыда аталған «Зеленый ковер» мазарына қатысты нүктені де арнайы құрылған комиссия қоймақ.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаккан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№163

6.09.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

ЭКСТРАСЕНС



Біздің ауылға сонау Америкадан арнайы шақыртумен экстрасенс келді. Аты — Мистер Мостан. Бүкіл әлемді шарлап психологиялық зерттеу жүргізеді. Мостанның қабылдауынан кейін талай адамның санасы өзгеріп қатарға қосылды. Жұқарған жүйкесі қалыңдап, тоң мойынға айналды. Әсіресе ол Африка мемлекетіндегі тұрмысы нашар, аш-жалаңаш жүрген халықтың санасын әбден өзгертті. Қазір аш болса да, өздерін тоқ санайды. Ал біздің ауылға келу себебі тіптен бөлек әңгіме.

Ауылдың барлық тұрғыны мәдениет үйіне жиналды. Ауыл әкімі сөз бастады.

— Құрметті тұрғындар! Ауылға өзеннің арғы бетінен құтты қонақ келді.

— Өзен емес, мұхит, — деді орынбасары.

— А, иә сонау көк мұхитты асып өтіп, бізге әйгілі экстрасенс Мистер Мостан келіп отыр.

— Министр мыстан дей ме? — деді құлағы нашар еститін Қауғабай шал. Әкім шошып кетті.

— Мистер Мостан, — деп үш рет қайталады.

— Бізге ақша үлестіре ме? — деді Өрікгүл әже алақанын ысқылап.

Әкім:

— Мистер Мостанның келу себебі кейінгі кездері халық пен полицияның ара-қатынасы суып, алшақтап кетті.

— Енді не күшқатасып жылынып жүреміз бе? — деп көпбалалы ана Тойдық төтесінен қойып қалды.

Сөзді Мистер Мостан алды. Қазақшаны менен артық біледі екен.

— Жолдастар, Америкада полиция халыққа қызмет етіп, күндіз-түні олардың тыныштығын күзетеді. Мұнда мүлдем өзгеше екен. Сіздер полиция көрсеніздер, көшеден қабаған ит көргендей қашасыздар. Неге? Дұрыс емес.

Залдан бір әйел айқайлады:

— Ойбай, мынау не деп тұр? Қашып құтылмасаң, ұстап алып, ұрып-соғып, қамап тастамай ма?

Мистер Мостан:

— Жок, сіз түсінбедіңіз. Полиция ол сіз ойлағандай дөрекі, бұзақы немесе мәдениетсіз емес.

Тап осы сәтте Шұнақбайдың ерке баласы «Полиция бөжей» деп бақырып жіберді. Оған қалғандары қосылып жылады. «Полиция көрсем, төбе шашым тік тұрады», «Олар адам аямайды», «Жазықсыз жанға жала жабады» деген қаңқу сөздер гүілдеп кетті.

— Тыныштық сақтаңыздар! Саналарыңыз өте уланған екен. Біз бүгіннен бастап өзгеруіміз керек, — деп дауыстады Мистер Мостан.

— Мистер Мыстан, кешіріңіз, Мистер Мостан дұрыс айтады, — деді ауыл әкімі еріні жыбырлап.

— Қалай өзгереміз? — деп осы ауылдың бас айқайшысы Арызбек орнынан түрегелді.

Мистер Мостан:

— Ешқандай қиындығы жоқ. Бәріміз көзімізді жұмып, қолымызды көкірек тұсына

қоямыз. Сосын «Полиция — халықтың қызметшісі, біздің қорғанымыз!» деп ішімізден үш жүз отыз алты рет қайталаймыз. Құқық қорғау органдарынан қорқып қалған халық экстрасенстің айтқанын мүлт етпей орындап жатыр. Әкім де екі көзін тарс жұмып теңселіп тұр. Психологиялық емдеу әдісі басталып кетті. Ауыл тұрғындары кәдімгідей сенімге берілді. Мәдениет үйінде тыныштық орнады. Тек арақтан ауызы құрғамайтын Тәмпіш Мистер Мостанның айтқанына көнбей сыртқа шығып кетті. Сол-ақ екен, бұрышта тұрған ауылдың полиция сержанты Ұрғанбай Тепкілегенов Тәмпіштің жағасына жабысты. Қол-аяғын қайырып, дубинкамен как маңдайға бір қойды. Екі бүктеп көлігіне салып ауданға зытты. Өкінішті. Өйткені полиция қызметкері Ұрғанбай Тепкілегенов Мистер Мостанның сенасына қатыспай шығып кеткен еді...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН,
Ақтөбе қаласы



Вазада гүл өсе ме, пұл өсе ме?

Бүгінде технология мен жасанды интеллект дегеннің қарыштап дамығаны соншама, жаңалық атаулыға таңырқайтын болдық. Иә, әлемдік сиқыршы, көзбояушы дегендеріңіз тентіреп далада қалатындай күйге жеттік. Таяуда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сыбайлас жемқорлықпен айналысатын департаментінің қызметкерлері өз көзіне өзі сенбей, айран-асыр болды да қалды. Япыр-ай, талай жырындыны көрген олар соншалықты неменеге таңғалды екен?

Оқырманды ынтықтырмай, гәпті турасынан бастайын. Сыбайлас жемқорлықпен күрес департаментінің қызметкерлері Көлік министрі орынбасарының үйін тінтіген кезде терезе алдында тұрған гүл салатын вазаның ішінен бума-бума доллар шыға келгенде, талып қала жаздады. Япыр-ай, вазада гүл өсетін еді ғой. Бұл вице-министр сиқыршы ма, немене? Гүл өсетін жерге пұл өсіріп отырғаны қалай? Неткен құдірет? Куәгерлердің бірі:

— Вазаға мен де гүл өсіріп көрейінші. Гүлім пұлға айналып кетер ме екен? Гүл өсіретін құтыда доллар өсірудің құпиясын кім айтып береді? — деп ақша өндірудің жолын сұрай бастады.

Окалы офицер одырая қарады.

— Вазада ақша өсуші ме еді? «Неткен тупойсың?» Бұл вице-министрдің алған парасын жасыру үшін жасаған айласы ғой, — деп куәгерге түсіндіріп жатты.

Басқа да куәгерлер «ә, осындай да қулық болады екен ғой» дегендей бір-біріне қарап, жымыясып қойды.

Доллардың бір бөлігі вице-министрдің қызмет бөлмесінен

шықты. Ол бұл жерде де ешкім байқамайтындай әлдебір құжаттардың арасына елеусіз қоя салыпты. Қоя салмаған-ау, қулық ойлаған. Ама! жасырған. Ешкім байқамайды деп ойлаған.

Арнайы мамандар санап кеп бергенде дап-дардай шенеуніктің республикалық маңызы бар жол құрылысын техникалық қадағалаудан мінсіз өткізіп беру үшін жеке компаниядан алған парасы 78 мың АҚШ доллары болып шықты. Дөкей бұл қаржыны Ұлыбританияда оқып жатқан баласының оқу ақысын төлеуге жұмсамақ болған көрінеді. Онай келген ақшаның бір бөлігін аударып та үлгерсе керек.

Күдікті С. А. 2021 жылдан 2023 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, 2023 жылдан Көлік министрлігіне қарасты Автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары сияқты лауазымды жолдардан өткен. Былайша айтқанда, билік сатысында әбден ысылған маман.

Алайда мұндай алаяқтық жолға неге барды? Дап-дардай атағына келетін ұятты ойламағаны ма? Бірақ ақша деген арбаушы күш кімдерді тура жолдан тайдырмаған десенші!

Жолды жонып жейтін жебірлер азаймай тұр-ау. Бүгін жөнделген жолды ертең тағы да қопарып жатқандардың жабайы ісін көргенде, жаныңнан түңілесін.

Негізі, асфальттың құрамы улы заттардан тұрады деседі. Жебірлердің жегендері желкелерінен шығып жатқаны осыдан да шығар...

Сонымен, вазада гүл өседі ме, пұл өседі ме деген жұмбақтың шешуі де табылған сияқты.

ТҮС САТАМЫН

Етпетімнен жатып, еніретіп түс көріп жатыр екенмін. Түсімде Ай бетінде ме екен, әйтеуір бір абатбақа жағам жайлауда, көңілім көкте шалқып отырмын. Мелдектеген молшылықтың ортасында балқып отырмын. Құлпырған қырық қыз айналамда зыр жүгіріп, қызмет етіп жүр. Дастарқанда құстың сүті де табылады-ау шамасы.

Әй, мына қыздар кайтеді-ей? Үйме табақ жылқының сүбесі мен қазы-қартасын, жал-жаясын әкеле жатыр ғой. Ойбай, кері әкет. Қай жеріме жей беремін? Мені бір Көлтаусар немесе түйені түгімен, жылқыны жүгімен жұтып қоятын мешкей көріп пе едің?

Тегінде, мешкей деген жақсы ат емес. Соны білгендіктен ғой, Үкіметтен бастап, Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктеріне дейін жабылып жүріп азық-түліктің бағасын күрт қымбаттатты емес пе? Біле білсеңіз, олар бізге жақсылық жасап отыр. Қам-қорлық көрсетіп отыр. Кешегі заман болса, қарыны жер сызған Қарындайлар мен Шығайбайлар адамның намысын келтіріп, шетелдіктердің алдында торайша қорсылдап жүрер еді. Мұны көрген шетелдіктер жата қалып күлер еді. Қарыны қабақтай, мойыны садақтай, беті табақтай казактарды көріп, «е, бұлар әлі феодалдық заманнан ұзамаған екен ғой» деп ой түйер еді. Сондықтан айналайын Үкімет сымдай тартылған сырықтай, бойы құрықтай заманауи казактарды көріп кетуге тиіс. Онсыз еліміздің еңселі беделіне елеулі нұқсан келуі бек мүмкін.

Япыр-ай, мына табақ-табақ етті не істесем екен? Жейін десем, қарын тоқ. Жемейін десем, амал жоқ. Қой, алдыма келген астан дәм татпасам болмас. Онсыз кісәпір адам атанармын. Жуан жіліктің бірін алдыма жақындатып, өткір бәкіммен қиялап турай бастадым. Бір түйірін көмекейге атып жібердім. Қаншама жыл жылқы етін жеп жүріп, мұндай дәмдісін жеп көрмеппін. Тіл үйіріп барады. Тағы да бір кесегін аш өзекке қарай аттандырдым. Бір кезде карасам, жуан жілік жаланастанып қалыпты. Мұндай да ашқарак болармын ба? Ұялғаным-ай! Қасымда қасқыр тұрғанда сөз жоқ, жерге кіріп кетер ме едім! «Әй, қазак! Тым қомағай екенсің

ғой» десе не дер едім? Құдай сақтады.

Артынша қырық қыздың бірі дәу шарамен сорпа әкелді. Шіркін, жылқы етінің сорпасына татитын не бармына дүниеде? Әншейінде сырадан басқаны сүйіңкіремейтін ашқарак қарным сорпаның нән бес кесесін қабылдады. Сонда да шөлім басылмаған сияқтанды. Ішіп жатырмын, ішіп жатырмын.

Бір кезде бүйірімнен біреу түртіп қалды. Шошып ояндым. Қағынған қатыным екен.

— Әй, түске дейін жатамысың талтиып? Қорылдап үйді басына көтердің ғой, тегі! Бар, базарға шап. Қайдан алсаң да екі-үш келі ет тап. Үйге құдалар келе жатыр. Жұтап отырған жүдеу-бастар екен деп сынап кетпесің. Сарансып шандыр сатып алып жүрме. Былай майы бар семізін ал, — деп қолыма дорба ұстатып, жолға салып жіберді.

Базарды басыма көтеріп, сөре-сөрелерді аралап жау қуғандай алаөкпе болып келемін. Етегіме өрт тигендей дауылда-тып келе жатқанымның да өзіндік сыры бар. Базар шіркінді айал аралаушы еді. Үйге керек азық-түлікті базардан сатып алу соның мойнына жүктелген болатын. Кей-кейде айалдың айдауымен базарға бас сұққаным болмаса, мұнда келе бермеуші едім. Құдай-ай, не болып кеткен тегі? Кешегі бай-бағландар сасық деп мұрын шүйіретін сиырдың еті бес мың теңге болып кетіпті. Қойдың еті де соған шамалас. Жылқы еті де ұшып тұр. Тіпті, құс тұмауы жұғып кетер деп сақтана жейтін тауық еті де қалта көтертпейді. Ол түгілі тауықтың балапаны, жо-жоқ жұмыртқасына дейін шіреніп аспанға қарайды. Ойбай-ау, құдалардан ұят болатын болды ғой. Қырдағы қасқыр шіркіндер бізден бақытты екен-ау. Әрине, олар біз сияқты ет сатып алмайды.

Ет сатып тұрғандарды басынан ұрып тұрып түгендеп шықтым. Біреуі де бір тиын түскісі келмейді. Не болып кеткен мына жұрт? Шеттерінен сараң! «Мал біткенді шетелге сатып жатыр. Үкімет қайда қарап отыр?» деп өзіме қарап дау айтты. «Делдал дегендер де адымымызды аштырмайды» деп тағы біреуі безек қақты. «Осылардың барлығын реттеуге болады ғой, мемлекет қайда қарап отыр?» деп бір қасапшы.

— Кемпір, жұрттың немерелері былдырлап сөйлеп жүр. Біздің балада әлі тіл жоқ. Жасы болса үшке толды. Тұқымда мұндай жоқ еді.

— Шал-ау, ертең нағашылары келеді. Сол кезде кара қойды сойып, өңешпен жиенін қылғындыртып ырым жасатайық. Сайрап кетеді.

Бүгін демалыс. Айтқандай, келін жағынан қонақтар келді. Құда мен құдағи бар. Баланың нағашы ағасы жаңа сойған қойдың өңешін жиенінің мойнына орады. Оқыс әрекеттен сақау бала шошынып кетті.

— Шшсс, — деді тістеніп.

— Ойбай, мынау боктайын деп жатыр ғой, — деді нағашы атасы.

— «Шал» деп қойып қалды бала.

— Әй, мына бала не дейді? «Шал» деп кімге айтып тұр? «Ата» деп айт, — деді нағашы әжесі ашуланып.

— Кет!

— Маскара, бізге кет деп жатыр ма? Қайда кетеміз?

Нағашылары біртүрлі болды. Мұны естіп баланың әкесі жетіп келді.

Ол әкіматта істейді.

— Әликонға тіл шықты ма?

— Жемқорлар... Паракорлар...

Үш жасар баласының мына айтқандарына әкесі біртүрлі болып, астыңғы ерні дірілдеді.

— Жемендер! — деді.

— Ойбай, көтек, нені жемендер дейді? Ағайын аң-таң.

— Ооотанымды, — деді балақай былдырлап.



БАЛАНЫҢ ТІЛІ

Асбөлмеде еттің нанын илеп отырған баланың шешесі шошыды.

Ол облыстық мәслихаттың депутаты еді. Қолы дірілдеп, оқтауы жерге түсіп кетті. Бұл үйде мұндай сөздер айтылмауға тиіс.

— Бәрекелді, немеремізге тіл шықты. Тілашар тойын жасаймыз, — деп атасы мен әжесі қуанып жатыр.

— Қаракшылар...

— Мына жиен не дейді? Жетер...

Нағашы жұрты жақтырмай қалды. Жиеннің сөздерін тікелей өздеріне қабылдап қалды.

— Бұлай болғанда сөйлемегені жақсы еді, — деді шешесі.

— Шырағым, келінжан, олай айтпа, «Бала тілі — бал» деген ғой. Сақау болып жүргеннен тілі шыққаны жақсы емес пе? — деп атасы немересінің маңдайынан сүйіп алды.

Баланың тілі шыққалы әкешешесінен маза кетті. «Шындық. Әділет. Сөз бостандығы» дей ме, әйтеуір, айтпайтыны жоқ.

Қазір үш жасар баланың сөзінен балабақшадағы тәрбиешілер де қорқып жүр екен...

Н.ЖҰБАТҚАН



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҚЫЛТАП

Ат жемейтін,

Сары Ыыз
Барбыз жеді.
Сары Ыыз Барбызды
ЖалЫыз жеді.

НІрӘли тірӘн Ый
Тіран жақта.
Тіран
НІрӘли тірӘн Ый жақта.

Ойбайлаған

БІлБІл
«ТІлпар болам!» деді.
ТІлпар
«СІлпар болам!» деді.
БІлБІл тілпар болмай,
БІлБІл болды.
ТІлпар сІлпар болмай,
ДІлділ болды.

Тұп-тұз.

Бара бала
Барабайды аралайды.
Арасы Барабайды
Аралауда жарамайды.

Сары бала
Арбаға мінді.
Арбаға мінген
Сары балаға
«Сарнама!» деді.

Табанымнан

Атама Ынайтын
Бота ма?
ТайраЫдайтын тайлаЫ па?
Мінгенге жайсы
Інген бе?
Ылде нар ма?
«Нар жолында жЫқ Ыалмас»,
Нардан мыЫты бар ма?!



ДОДА

6 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Ұлттық құрама 4 қыркүйек күні «Астана-Аренада» Уэльс құрамасымен кездесті. Матч 2026 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңі аясында өтті. Жігіттер жеңісті жұлып алуға тырысқанымен, болмады. Кардиффтен келген 1200 жанкүйер мәз-мейрам тарқасты. Ал біз бір бас жоғары ойын өрнегін көрсеткенімізді біле тұра, ұпайсыз қалдық.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

Иә, Уэльспен ойын турнир кестесіндегі жағдайға тікелей әсер етеді. Бұл ойынға дейін Крейг Беллами шәкірттері төрт матчта жеті ұпай жиған. Ұлттық құрама болса, үш ойында үш ұпай еншілеген. Тек Лихтейнштейнге шамасы жеткен. Сол үшін Уэльске қарсы ойында «не бел, не белбеу кетуі» керек-ті. Бірақ жігіттер құны қымбат үш ұпайды сыйлай алмады. Әгәрәки, ұтылмай, қайта ұпай алғанда алдағы Әлем чемпионаты дейтін биік бағынар ма еді, кім білсін?!

АКАДЕМИЯДАН ШЫҚҚАН
8 ОЙЫНШЫ

Қазақстан құрамасы жасарып келеді. Осы ойында ұжымның ширақ қимылдап, бірақ содан таяқ жеп жатқан тұсы болды. Әрине, тәжірибе рөл ойнайды. Бірақ бас бапкердің тәжірибесіне үніліп көрейік. Оның ойыншы кезінде Түркияда доп тепкені рас. Бірақ футбол сарапшысы Ермұхамед Мәулен айтқандай, әлемдік доданың қазанында қайнамаған. Бапкер ретінде де «Қызылжарды» жаттықтырып, бірінші лиганы жеңген. Демек, ел чемпионатында бірде-бір трофейі жоқ адам құрама тізгінін ұстап тұр. Ал федерация басшылығы деңгейі құрама баптауға жетпейтін тұлғаны қалайша қатарына қосқан? Осы матчтан кейін мәселені майшаммен қарамаса болмас. Сатистиканы сөйлетсек, Әли Әлиев кейінгі жеті матчтың екеуінде жеңіске жетті. Ұжымның ұйыса өнер көрсеткені Кюрасаомен жолдастық кездесуде көрінді. Одан кейін, әрине, осы J тобындағы аутсайдер Лихтенштейге әлі жетті. Қалған бес ресми және жолдастық кездесуде барлығы 11:2 есебімен жеңілген екенбіз.

Неге халық та, маман да Әли Ханәлиұлының шешіміне наразы болды? Себебі бапкер жас саңлақ Сәтпаевты үйреншікті қапталға қоймағанымен қоймай, Ғалымжан Кенжебекті 65 минутта ауыстырып тастады. 17 нөмірлі өреннің ойынына таңдай қақпағаны кемде-кем. Алға ұмтылуы, қарсыласын бұзып-жарып өтуі, қаймықпай соққы бағыттауы қуантты.

ТАРТЫСҚА
ТОЛЫ
КЕЗДЕСУ

Дегенмен сәттілік ұлттық құраманың басынан сипамады. Кенжебектің орнына алаңға шыққан Ислам Чесноков та тәуір ойын көрсетті. Осыған қарап «қолымды мезгілінен кеш сермедім» дегеніміз бар.

«Бастапқыда Уэльске басымдық бергеніміз рас. Бірақ бұл тактикалық шешім еді. Барынша қорғанып, қарсыластың қарқыны бәсеңдегенін күттік. Өйткені жасанды алаң, ауыр жол ойыншыны шаршатады. Алайда олар бір гол соғып кетті. Біздің соққы маңдайшаға тиіп жатты. Байқасаңыз, кейінгі екі ойында бес рет маңдайшаны көздеппіз», — деді баспасөз мәслихатында Әли Ханәлиұлы.

Бапкер айтқандай, Кардиффтен келгендер жұмбақтың жауабына ерте шешім қойғандай.

Ойынның 24-минутында төртінші бұрыштамасын көтеріп,



ұрымтал ол тұсты кәдеге жарата білді. Анарбеков алғашқы соққыны қайтарғанымен, қазақтың қорғаушылары бір сәтке қалғып кетті. Нәтижесінде, есеп 1:0. Анарбеков демекші, Темірлан мен Дамир Қасаболат ұлттық құрамада дебют жасады. Ол-ол ма, «Қайрат» академиясының сегіз түлегі құрама сапында өнер көрсетті. Бірі бапкер Шипилевскийдің тұсындағы ойыншылар болса, ендігісі — Рафаэль

Уразбахтин шәкірттері. Не дегенмен «Қайраттың» академиясы жарап тұр.

Айталық, Темірлан Анарбеков 21 жасында құрама қақпасына күзетке тұрды. Ол мұндай мүмкіндікке ие болған ең жас үшінші ойыншы. Өзіне сенімді жігіт Уэльске қарсы матчта да салқынқанды ойнады. Ал Дамир Қасаболат алғашқы таймда бірді-екілі қателік жібергенімен, екінші таймда ширауға тырысты. Одан бөлек, жас буыннан Сәтпаев пен Жұмат та екінші рет көк жейдеде өнер көрсетті.

ОРТАЛЫҚ
ШАБУЫЛШЫ ЖОҚ

Белгілі комментатор Еркін Бірік айтқандай, ұжымға орталық шабуылшы жетпей тұрды. Кімді есіңізге түсіргеніңізді білем. Лихтейнштейнге қарсы матчта,



Кардиффтегі бірінші ойында да Абат Айымбетовті алаңнан таппадық. Лихтенштейнмен ойында тізімге енгенімен, қалған екі матчта командаға қосылмады. Не себепті деп сұрағанымызда, бұл маусымда ойын практикасы жоқ, жаңа клуб таппады деген-ді. Айымбетовтің еркін агент болып жүргені рас. Алайда «Астана-Аренада» өткен кездесуде клубы болғанымен, практикасы аз Марат Быстров өнер



көрсетті. Ол қазір «Астана» клубының қосалқы құрамында жүр. Сонда Айымбетов әдейі келмеді ме, әлде бапкер Әлиев оны қатарға қосқысы келмеді ме? Оның орнына Оралхан Өміртаевты сынап көрмек болды. Алайда мүмкіндік беретін бапкер джокерді ойын аяқталуға 3 минут қалғанда топқа қоса ма? Естеріңізде болса, «Ақтөбенің» бетбейнесіне айналған Әлібек Қасым Адиевтың тұсында ұлттық құрамадан орын таппаған-ды.

Шабуылдың мәселесінен кейінгі кезек — жартылай қорғаныста. Сегізінші нөмірді киген Смаков та, одан кейін алған Тағыберген де орталықтың ұйытқысына айналды. Ал Асхат кеткен соң сол нөмірге иелік еткен Рамазан Оразов сол деңгейді көрсете алмай жүр. Оған себеп оның орталық ойқастай алмайтын болар. Оның орнында қосалқы құрамда «Жеңістің» жеңіс туын жықпай жүрген Дінмұхаммед Караман бар емес пе? Бірақ бапкер жастарға үміт артқандай көрінгенімен, адымдар тұста артқа шегініп кетті. Айтпақшы, аталған матчтың үзілісінде Асхат Тағыберген мен Александр Морочкинге құрмет көрсетіліп, естелік сый табысталды. Себебі Морочкин Лихтенштейнмен, Тағыберген Солтүстік Македониямен өткен ойыннан кейін құрамадан кететінін мәлімдеген. Александр ұлттық құрамада 50 ойын өткізсе, Асхат 63 матчқа қатысқан. Соның ішінде 2021 жылдан бері құрама капитаны болды. Оның Дания қақпасын қақырата тепкен голы, Сан-Марионы сілкіп алған соққысы мен Кардиффтегі жұбаныш голы жанкүйер жадында сақталары анық. Сонымен қатар Тағыберген командасына сөзі жүретін, айтқанын іске асыра алатын капитан ретінде танылды. Ал ол ұжымдағы орнын босатқан соң капитан белгісі «Зениттің» ойыншысы Нұралы Өліпке бұйырды. Ол ағасы сияқты даңқты капитан бола алар ма екен, алда көреміз.

Матч аяқталған соң Ғалымжан Кенжебек командаға жеңіс қана жетпегенін атап өтті. «Наурыз айындағы ойын мен қыркүйектегі деңгейді салыстырып көріңіз. Деңгейдің өскені көрініп-ақ тұр», — деді ол. Расымен, Уэльске қарсы екінші таймда жұмыла шабуылдады. Ғалымжан Кенжебектің де алыстан бағыттаған соққысы, кейінгі Ислам Чесноковтың қайта-қайта маңдайшаға тепкені ойынның шырайын кіргізді. Осыдан-ақ ұлттық құраманың түлегені, буын алмасып жатқаны көрінді. Футболшының айтқанындай, тек жеңіс қана жетпегенімен, «доп байғұста күнә жоқ, түзу тепсең, ұшқан күйі қақпаға соғылмай ма?»



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.comЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4638
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,